

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Оқушының тұлғасының азаматтық сапасын
қалыптастыруда экологиялық тәрбиенің өзектілігі**

Әдістемелік ұсынымдар

**Актуальность экологического воспитания в
формировании гражданских качеств
личности школьника**

Методические рекомендации

Астана, 2016

«Оқушының тұлғасының азаматтық сапасын қалыптастыруда экологиялық тәрбиенің өзектілігі» (әдістемелік ұсынымдар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана қаласы, 2016 жыл – 154 бет.

Методические рекомендации «Актуальность экологического воспитания в формировании гражданских качеств личности школьника» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан – г. Астана, 2016 год – 154 стр.

«Оқушының тұлғасының азаматтық сапасын қалыптастыруда экологиялық тәрбиенің өзектілігі» әдістемелік ұсынымдары экологиялық-биологиялық бағыттағы инновациялық технологияларды іске асыру қағидаттарын, экологиялық тәрбиелеу бағдарламаларын, сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру модельдерін, мектеп оқушысы тұлғасының азаматтық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған қосымша білім берудің табиғат қорғау және экологиялық іс-шараларын өткізу сценарийлерін қамтиды.

Әдістемелік ұсынымдардың мазмұны экологиялық және табиғат қорғау қызметі, халықаралық тәжірибені зерделеу, ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын меңгеру, шығармашылық қабілеттерді дамыту, экологиялық-биологиялық бейін мамандығына кәсіптік бағдарлау арқылы әртүрлі жастағы мектеп оқушысы тұлғасын дамыту және жетілдіру үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтеріне арналған.

Методические рекомендации «Актуальность экологического воспитания в формировании гражданских качеств личности школьника» включают принципы реализации инновационных технологий эколого-биологического направления, программы экологического воспитания, модели организации внеурочной деятельности, сценарии проведения природоохранных и экологических мероприятий дополнительного образования, ориентированные на формирование гражданских качеств личности школьников.

Содержание методических рекомендаций направлено на создание условий для развития и совершенствования личности школьника разных возрастных категорий посредством экологической и природоохранной деятельности, изучения международного опыта, освоение навыков научно-исследовательской работы, развития творческих способностей, профессиональной ориентации на специальности эколого-биологического профиля.

Методические рекомендации адресованы руководителям, методистам, педагогам организаций образования, реализующим программы дополнительного образования детей.

*ҚР БжҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК оқу-әдістемелік кеңесі ұсынады
(2016 жылғы 5 мамырдағы № 2 хаттама)*

*Рекомендовано Учебно-методическим советом
РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» (протокол от 5 мая 2016 года №2)*

*©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2016
©Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2016*

Мазмұны

Кіріспе	4
1. Оқушыларды экологиялық тәрбиелеудің әдіснамалық тәсілдері	7
2. Мектеп оқушысы тұлғасының азаматтық қасиеттерін қалыптастырудағы экологиялық тәрбиеге мониторинг жасау	12
3. Мектеп оқушысы жеке басының қазіргі заманғы азаматтық қасиеттерін қалыптастыру үшін экологиялық тәрбиелеу қызметінің түрлерін кешенді пайдалану	21
4. «Бөлмеде гүл өсіру» білім беру бағдарламасы	27
5. «Экологиялық-биологиялық кешен» білім беру бағдарламасы	36
6. «Фенологиялық бақылауды ұйымдастыру арқылы экологиялық құзыреттерді қалыптастыру» білім беру бағдарламасы	43
7. «Экологиялық ассорти» зияткерлік ойыны	66
Қосымшалар	72
Қолданылған әдебиеттер тізімі	76

Содержание

Введение	80
1. Методологические подходы экологического воспитания школьников	83
2. Мониторинг экологического воспитания в формировании гражданских качеств личности школьника	88
3. Комплексное использование разных видов деятельности экологического воспитания для формирования современных гражданских качеств личности школьника	97
4. Образовательная программа «Комнатное цветоводство»	103
5. Образовательная программа «Эколого-биологический комплекс»	113
6. Образовательная программа «Формирование экологических компетенций через организацию фенологических наблюдений»	119
7. Интеллектуальная игра «Экологическое ассорти»	140
Приложения	147
Список использованных источников	151

Адамзат, тұтастай алғанда, қуатты геологиялық күшке айналады. Одан кейін оның мақсаты, ойы мен әрекеті біртұтас дүние ретінде биосфераны еркін ойлайтын адамзаттың мүддесіне қарай түрлендіруге бұрылады».

Вернадский В.И.

Кіріспе

Қоғамды дамытудың қазіргі кезеңінде экологиялық білім беру мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Қазіргі заманғы экологиялық проблемалардың өзектілігі педагогика жұртшылығының алдына жас ұрпақты табиғатқа күтіммен, жауапкершілікпен қарау, табиғатты ұтымды пайдалану, табиғи байлықтарды қорғау және жаңарту мәселелерін шешуге қабілетті болу рухында тәрбиелеу міндетін қояды. Осы талаптар әрбір адамның қалыпты мінез-құлық нормасына айналуы үшін оларға бала жасынан табиғи ортаны сақтауға деген жауапкершілік сезімін мақсатты түрде сіңіріп өсіру қажет. Табиғи ортаның экологиялық жай-күйін сақтау үшін және жақсарту үшін балаларға ерте жастан экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің ең қарапайым әліпбиін сіңіретін қағида-тәртіптерді әзірлеу қажет.

Экологиялық білім – экологиялық білім, білік, дағдыларды меңгерудің мақсатты бағытта ұйымдастырылған, жоспарлы және жүйелі жүзеге асырылатын процесс.

Балалардың экологиялық білімі – бағдарламадағы балаларды табиғатпен таныстыратын дәстүрді ауыстыратын және кейінгі жылдары орын алған педагогиканың жаңа бағыты. Мектеп жасындағы балалардың экологиялық білімінің маңызы өте зор, себебі бұл жаста тұлғаның экологиялық мәдениетінің негізі қалыптасады, ол рухани мәдениеттің бөлігі болып табылады. Осылайша, балалардың экологиялық білімі - мақсатты бағыттағы педагогикалық жүйе.

Әдістемелік әдебиеттерді талдаудың негізінде балалардың экологиялық білімінің мынадай міндеттері анықталды:

оқушыға түсінікті болатын қарапайым ғылыми экологиялық білімдер жүйесін қалыптастыру;

құнды бағдар алу жүйесі ретінде табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты дамыту;

табиғат объектілері мен құбылыстарын бақылауда біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

табиғат әлеміне және тұтастай алғанда қоршаған әлемге қатысты адамгершілікті, жалынды, ұқыпты, қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу; табиғат объектілеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту;

күнделікті өмірде табиғатты ұтымды пайдалану дағдыларын қалыптастыру және табиғатқа байланысты қарапайым мінез-құлық нормаларын меңгеру;

өзінің қоршаған ортаға қатысты кейбір іс-әрекетінің зардабын алдын ала болжай білудің қарапайым біліктерін қалыптастыру.

Тұлғаға қажетті жеке басының қасиеті ретінде балалар мен жасөспірімдерде табиғатқа деген ұқыпты қарым-қатынасты қалыптастыру мына факторлардың есепке алынуын болжайды:

табиғатқа қызығушылық;

табиғат құрамдауыштары және олардың бір бірімен байланысы, адамның табиғатқа әсері туралы білімнің болуы;

табиғатқа деген адамгершілік және эстетикалық сезімін ынталандыру;

балалар мен жасөспірімдердің табиғаттағы іс-қимылын айқындайтын себептерді есепке алу.

Педагогтердің назары экологиялық білім беру процесінің мақсаттары, қағидаттары, міндеттері, мазмұны, жұмыс нысандары мен әдістері, шарттары мен болжанатын нәтижелері сияқты барлық құрамдас бөліктері ойластырылған, ескерілген және орынды іріктелген кезде ғана осы факторлардың барлығы бірлікте және өзара байланыста қалыптасатынына аударылған.

Экологиялық білім берудің нәтижесі жеке тұлғаның экологиялық мәдениеті болып табылады. Табиғат туралы білім, олардың экологиялық бағыты, оны шынайы өмірде қолдана білу - оқушы тұлғасының экологиялық мәдениетінің құрамдас бөлігі. Педагогикалық процесте экологиялық тәрбиелі тұлғаның қалыптасуы аталған міндеттер шешілген жағдайда жүзеге асады. Табиғатқа деген көзқарасты дамыту баланың өмірлік әртүрлі жағдайлардағы, серуендегі, экскурсиялардағы және басқа жағдайлардағы көңіл-күйінің әсерленгіштігіне негізделген педагогикалық процестің айрықша ұйымдастырылуымен тығыз байланысты. Табиғатқа деген адамгершілік, танымдық, эстетикалық көзқарас баланың меңгерген білімінің мазмұнымен тікелей байланысты. Табиғатқа көзқарасты қалыптастыруда балалардың түсінуі үшін жеңіл, табиғат заңдары туралы білімдердің алатын орны ерекше.

Экологиялық білімнің педагогикалық процесі барлық міндеттердің бірлесіп шешілуін талап етеді. Экологиялық білім беру міндеттерінің іске асырылуы тек қана педагогтің экологиялық мәдениеті мен оның осы қызметті жүзеге асыруға дайындығына байланысты.

Оқушылардың экологиялық білімі экологиялық білімдерді меңгерудің мақсатты түрде ұйымдастырылған, жоспарлы және жүйелі жүзеге асырылатын процесі болып табылады, оқушылардың бойында

табиғатқа деген саналы дұрыс қарым-қатынас қалыптастыруға бағытталған белгілі бір мақсаттары мен міндеттері бар. Экологиялық білім – бұл адамдардың өнегелі мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға бағытталған, жеке тұлғаны тәрбиелеудің, оқытудың, оның өз бетімен білім алуы мен дамуының үздіксіз процесі.

1. Оқушыларды экологиялық тәрбиелеудің әдіснамалық тәсілдері

Қазіргі қоршаған ортаның жағдайы экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің сапасын арттыруды талап етеді, бұл оқушыларды экологиялық тәрбиелеудің бағытын олардың бойында экологиялық дүниетанымдық ұстанымды қалыптастыруға, қоршаған әлеммен үйлесімді қарым-қатынасын үндестіруге және шынайы өмірде өздерінің шығармашылық ойларын білдіруіне негіздейтін кешенді тәсілдерді қолдану кезінде іске аспақ.

Экологиялық білім беру әдістемесі – балалардың бойында экологиялық мәдениет негіздері мен қоршаған табиғатпен ұтымды өзара іс-қимыл дағдыларын қалыптастыруға бағдарлаған, мектеп жасындағы балалармен педагогикалық жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері мен заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Бұл ғылымның нысанасы мектеп жасындағы балаларды табиғат құралдарымен тәрбиелеудің, оқытудың және дамытудың, олардың бойында экологиялық дүниетанымды қалыптастырудың, қоршаған табиғатқа деген құнды көзқарасты тәрбиелеудің заңдылықтарын зерделеу болып табылады.

Экологиялық білім беру мақсатына мына міндеттерді бірлесе шешкенде қол жеткізіледі:

білім беру – табиғаттың, адам мен қоғамның өзара байланысы туралы, қазіргі заманғы экологиялық проблемалар және оларды шешу жолдары туралы білімдер жүйесін қалыптастыру;

тәрбиелік – қоршаған ортаны қорғау, экологиялық орынды мінез-құлық, салауатты өмір салты бойынша белсенді қызметтің құндылықты бағдарын, уәждерін, қажеттіліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

дамыту – қоршаған ортаның күйі мен оны қорғаудың мониторингі бойынша зияткерлік және практикалық біліктер жүйесін дамыту.

Қосымша білім берудің экологиялық тәрбие беру жүйесі өзара байланысты бірнеше блоктан тұрады, олар экологиялық-педагогикалық процесті жан-жақты қамтиды: экологиялық тәрбиенің мазмұны, оны іске асыру тәсілдері, әдістер мен технологиялар, процесті ұйымдастыру және басқару.

Экологиялық тәрбие берудің әдістері мына қағидаттарға құрылады:

организм мен ортаның өзара байланысы туралы негізгі түсінігімен қоса, экологиядан туындайтын экологиялық тәрбие мазмұнының ерекшелігін ескеру;

кез келген бірлескен қызметке, егер бұл қызметтің экологиялық

мазмұны толық болса, балаларды экологиялық тәрбиелеудің міндетін шешуге мүмкіндік берсе, жүйелі, тұрақты жиі қайталанатын болса, педагогикалық әдіс ретінде қарау керек;

қызметте тәрбиелік, білім берушілік және дамытушы міндеттерді олардың экологиялық тәрбиеге бағынышты екенін түсіне отырып, бір мезгілде шешу.

Қазақстан Республикасындағы экологиялық тәрбиенің негізгі мазмұны баланың мектеп жасындағы кезінен таныс өзін қоршаған табиғат құбылыстары мен объектілеріне саналы дұрыс көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Балалардың табиғатқа деген саналы дұрыс көзқарасы оны қабылдаудағы сезімталдығына, әсерленгіштіктері мен жекелеген тіршілік иелерінің өмір сүру, өсу және даму ерекшеліктерін білуіне, тірі организмдердің өмір сүруде сыртқы орта факторларына бейімделу тәуелділігін, табиғи қоғамдастықтар ішіндегі өзара байланыстарды білуіне орай құрылады. Мұндай білімдер баланың табиғатпен қарым-қатынасы процесінде оның жануарлар мінез-құлқындағы нақты жағдайларды, өсімдіктердің жай-күйін түсінуін, оларды дұрыс бағалауын және дұрыс ден қоюын қамтамасыз етеді.

Бұл ретте, балалардың саналы көзқарасының сипаты олардың жағдайды өздері түсіндіруінен немесе үлкендердің айтқанын түсінуінен, тіршілік иесінің күйін түсіне және қажеттілігін біле отырып, өздері немесе үлкендермен бірге өсімдіктер мен жануарлардың өмірлерін сақтауға және жақсартуға бағытталған жекелеген еңбек әрекеттерін орындай алатындығынан көрінеді.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру – бұл балалардың табиғатқа деген саналы дұрыс көзқарасын тәрбиелеудегі басты құрал. Табиғатқа саналы дұрыс қарым-қатынас тәрбиелеу мен оқыту теориясының маңызды, қажетті саласы болып табылады, оның өзектілігін қазіргі жағдайлардан пайымдауға болады.

Қызметке оң көзқарас құрудың алғашқы жолына қызмет объектісіне, қызмет процесіне, балаларға қатысты адамдарға деген қарым-қатынаста жағымды эмоциялар мен сезімдер қалыптастырумен қол жеткізіледі; бұл қарым-қатынас педагогтің балаға және іс-әрекетке деген оң көзқарасын білдіруінің, тамаша қызмет үлгілерімен танысуының, баланың күші мен мүмкіндіктеріне сенетінін білдіруінің, баланың қол жеткізген қызметінің нәтижелерін мақұлдайтынын, көмектесетінін және дұрыс қарайтынын білдіруінің негізінде қалыптасады.

Қызметке саналы оң көзқарастың екінші жолы қызметтің мәнін, оның жеке және қоғамдық маңызын түсінуді қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл түсінікке қызметтің мәні туралы бейнелі әңгіме, жете түсіндіру мен маңызды нәтижені көрсету арқылы қол жеткізіледі.

Қазақстан Республикасындағы қосымша білім беру жүйесінде

экологиялық білім беру жөніндегі жұмыстың әдістері мен нысандарын таңдау кезінде ескерілуі тиіс бірқатар қағидаттар дәстүрлі түрде қолданылады. Олар жалпы педагогикалық қағидаттарды (ғылымилық, ізгілік, жүйелілік және басқалар) және оқушылардың дәл осы экологиялық біліміне тән қағидаттарды қамтиды.

Ғылымилық қағидаты оқушылардың қарапайым экологиялық білімдер жиынтығымен танысуын болжамдайды, олар баланың іс-әрекеті уәжін қалыптастыруға, танымдық қызығушылығын дамытуға, дүниетанымының негіздерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Белгілі бір жастағы оқушыға арналған материалдың **қолжетімділік қағидаты** маңызды болып табылады және ғылымилық қағидатымен сабақтас болып келеді. Сондай-ақ, қолжетімділік алынатын білімдердің бала үшін маңыздылығын, олардың эмоциялық сипатын болжамдайды.

Ізгілік қағидаты экологиялық мәдениет түсінігімен байланысты. Тәрбиелік тұрғыдан оның қолданылуы тұтыну мәдениетінің негіздерін меңгерген, өзінің денсаулығын күтетін және экологиялық қауіпсіз ортада салауатты өмір салтын ұстанғысы келетін жаңа құндылықтары бар адамды қалыптастыруды білдіреді. Экологиялық білімнің мазмұны баланың бойында адамды табиғаттың бір бөлшегі деп түсінуді қалыптастыруға, планетадағы барлық өмір сүру нысандарына құрметпен қарауға тәрбиелеуге ықпал етуі тиіс. Экологиялық тәрбие баланың эмоцияларын, жаны ашу, таң қалу, бірге қиналу, тірі организмдерге қамқорлық көрсету, оларға табиғаттағы бауыр ретінде қарау, қоршаған әлемнің және тұтас ландшафтың, жекелеген гүлдің, шық тамшысының, кішкентай өрмекшінің сұлулығын көре білу біліктерін дамытумен тығыз байланысты.

Болжамдау қағидаты экологиялық білімнің нәтижесінде оқушыларда табиғатта бар өзара байланыстар туралы қарапайым түсінік қалыптасады және осы түсініктердің негізінде демалыс кезінде, табиғаттағы және тұрмыстық жағдайлардағы еңбектену кезінде қоршаған ортаға қатысты өздерінің әрекетін болжай алу білігі қалыптасады.

Іс-әрекет қағидаты – экологиялық білімдер оқушыға қоршаған ортаны сақтау үшін не істеу керектігін түсінуге көмектесуі тиіс. Ол өз шамасы келетін экологиялық бағыттағы іс-әрекеттерге міндетті түрде қатысуы тиіс. Оның үстіне, дәл осындай іс-әрекет процесінде «бала - қоршаған орта» қарым-қатынасы қалыптасады.

Біртұтастық қағидаты оқушының қоршаған әлемді және оның табиғат әлемімен бірлігін қабылдауы.

Өңірлік қағидаты зерделеу үшін тірі және өлі табиғат объектілерін, ең алдымен, тарихи-географиялық, этнографиялық ерекшеліктерін ескере отырып, туған өлкесінің объектілерін іріктеуде

көрінеді.

Білімдердің жүйелілік қағидаты жүйеліліктің негізінде табиғаттың негізгі заңдары мен әлеуметтік өзара байланысын бейнелейтін түсініктер мен қарапайым ұғымдар жатқандықтан, ғылымилық қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді. Бей-берекет тәжірибеде балалардың жануарлар, өсімдіктер туралы түсінігі әрқелкі болады, тірі емес табиғат жайлы аздаған түсінігі болады.

Сабақтастық қағидаты оқушылардың экологиялық білімінің мазмұны үздіксіз білім беру жүйесінің барлық баспалдақтарымен тығыз байланыста болуы тиіс деп болжамдайды.

Жағымдылық қағидаты балаларды жағымды мысалдармен тәрбиелеп, оқытуды болжамдайды. Мәселен, экологиялық білім беру практикасында табиғаттағы мінез-құлық ережелерін зерделеуге байланысты тыйымдар кеңінен таралған.

Проблемалық қағидаты оқушы шешуге тырысатын жағдаяттар құруды болжамдайды. Мұндай жағдаяттардың мысалы балалардың әдеттегі іздеу қызметі, эксперимент жасауы, белсенді бақылауы болуы мүмкін.

Көрнекілік қағидаты оқушының көрнекілік-образды және көрнекілік-іс-қимылды ойлауын ескеруге мүмкіндік береді. Бұл қағидатты пайдалану экологиялық білім берудің мақсаттары мен міндеттерін шешу үшін педагогтің белгілі бір жастағы бала тікелей өз ортасында бақылай алатын, оның түсінуі мен меңгеруі үшін қолжетімді объектілер мен процестерді таңдап алатынын болжамдайды. Көрнекілік қағидаты балалармен жұмыс үстінде көрнекі материалды: иллюстрацияларды, құралдарды, бейнематериалдарды, картиналарды, плакаттарды, модельдерді, макеттерді және т.с.с. үнемі пайдалануды білдіреді.

Бірізділік қағидаты жүйелілік пен проблемалылық қағидаттарымен байланысты. Мысалы, экологиялық сабақтар белгілі бір логикалық бірізділікпен жүргізілуі тиіс. Бұл қағидат білімдерді бірте-бірте қарапайымынан күрделірегіне қарай ауыстыру жүйесінде де көрініс табады. Ол әртүрлі жастағы балаларды оқытуда да, бірдей жастағы балаларды оқытуда да қолданылады.

Қауіпсіздік қағидаты педагог пайдаланатын жұмыс нысандары мен әдістері бала үшін қауіпсіз болуы тиіс екенін болжамдайды. Мектепке дейінгі балалардың практикалық қызметі олар үшін барынша қауіпті жұмыс аумағы мен әдістемесін мүлдем қолданбауы тиіс, сондай-ақ олар ұйымдастыратын бақылаулар, тәжірибелер табиғат объектілеріне зиян келтірмеуі тиіс.

Бірігу қағидаты білім беру ұйымының барлық педагогтерінің тығыз ынтымақтастығын болжамдайды.

Іс-әрекет қағидаты. Баланы табиғатпен таныстыру процесінде, әдетте, бөлме өсімдіктерін, табиғат бұрышы жануарларын күтуге, бақшадағы еңбекке баса назар аударылады. Алайда экологиялық білім беру тұрғысынан балалардың үлкендермен, әсіресе ата-аналармен немесе жоғарғы сынып оқушыларымен бірлесе отырып, әртүрлі табиғат қорғау акцияларына, өз ауласының, мектеп аумағының күйін бағалауға қатысуы есебінен осындай қызметтің шеңберін кеңейту қажет. Мұндай тәсіл баланың қызметін барынша саналы әрі жеке өзі үшін қажетті етуге мүмкіндік береді.

Әдістемелік тәсілдер жүйелі түрде қолданылған, экологиялық білім беру жұмысының әдістері мен нысандарын іріктеу қағидаттары сақталған және мектеп оқушыларын дамытудың жалпы үрдістері ескерілген жағдайда нәтиже әкеледі.

Қазіргі заманғы экологиялық білім еліміздегі мектеп педагогикасының ерекше бағыты ретінде бірнеше құрамдауыштың негізінде қалыптастырылады.

Балалардың табиғатпен тығыз байланысына, натуралистік бақылауларға, экскурсияларға негізделетін **педагогиканың дәстүрлі тәсілдері** (К.Ушинский, В.Сухомлинский, Л.Толстой).

Халық дәстүрлері. Фольклор, халықтық мерекелер, нышандар, ойындар, сондай-ақ әртүрлі халықтардың ертегілері әрдайым адамдардың табиғатты қабылдау ерекшелігін, олардың табиғатқа деген көзқарасын, табиғи ресурстарды пайдалану сипатын бейнеледі. Одан басқа, халық шығармашылығында «адам – табиғат» өзара қарым-қатынасының өңірлік ерекшеліктері де жақсы қадағаланады. Мектеп жасындағы балалардың ойындарға, ертегілерге, жұмбақтарға деген қызығушылығы экологиялық тәрбиелеу мақсатында әртүрлі мәдениеттер элементтерін пайдалануды перспективалы етеді. Мысалы, өте жақсы дамыған Жапонияда қала тұрғындарының табиғатпен байланысудың кез келген мүмкіндігін пайдаланатын ұлттық дәстүрлерге сай табандылығы ерекше байқалады. Ол:

бірнеше шаршы метр жерде адамдар Жапония табиғатын жан жақты көрсетуге тырыса отырып, жасаған кішкентай жасыл аулаларда; гүлденген сакуруны қызықтаудың қадірлі сақталған мейрамдарында;

үнемі даму үстіндегі бонсаи өнері – көптеген жылдар бойы гүл ыдыстарында кішкентай сәнді ағаштарды өсіруде;

қар жауып тұрған, сакура гүлдеген (жапондық шие сакура жеміс бермейді, бірақ адамдар оны пайдасы үшін емес, әдемілігі үшін бағалайды) уақыттарда сабақтарды тоқтатып қоюда көрініс табады.

Әлемдік тәжірибе. Экологиялық білім беру процесі шет елдерде біздің елге қарағанда біршама ерте басталды. Еуропа және АҚШ елдерінде табиғат қорғау қызметі басымдықтарының табиғи ортаның

жай-күйін бақылаудан оның ластануының алдын алуға ауысуы жүрді. Қоршаған орта мәселелерін ішкі және сыртқы саясаттың барлық салаларына кеңінен енгізу байқалады, басты назар адамның қоршаған ортадағы шаруашылық қызметі тұрақты даму қағидаттарына қатаң түрде сәйкес келуі тиіс екендігіне аударылады. Қазіргі уақытта біздің елімізде баланың сенсорлық түйсігіне, табиғатты көре және бақылай білу білігіне, оның әртүрлілігін бағалау қабілетіне, тамсану мен таңдану сезімдерін сіңіруге баса назар аударатын америкалық бағдарламалар мен әдістемелер кеңінен тарала бастады. Шетелдік ұсынымдар қазақи шындыққа, дәстүрлерге үнемі сәйкес келе бермейтінін және біздің жағдайларға мұқият бейімделуі тиіс екендігін атап өту қажет.

2. Мектеп оқушысы тұлғасының азаматтық қасиеттерін қалыптастырудағы экологиялық тәрбиеге мониторинг жасау

Қазақстандағы экологиялық білім өзінің дамуында мақсаттары мен міндеттерінің белгілі бір дәрежедегі белгісіздігінен қазіргі заманғы әлемдік қоғамдастықтың және тұтас планетаның тұрақтылығы мен орнықты дамуына қол жеткізудің жетекші факторы ретінде жалпы танылуына дейінгі ұзақ жолдан өтті. Экологиялық тәрбиелеу проблемаларын шешу жолдарын қарастыра отырып, осы салада табыстарға жеткен шет елдердің тиісті тәжірибесін талдаған орынды.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Стокгольм конференциясы 1972 жылы қоршаған орта саласындағы білім беру бойынша халықаралық бағдарлама құру жөніндегі ұсынымды қабылдады, онда адамның, қоғамның және табиғаттың өзара қарым-қатынасындағы негізгі звено экологиялық білім беру болып табылады. БҰҰ конференциясының «Рио+20» қарарында адамзаттың өмір сүруі мен тұрақты дамуы стратегиясын іске асырудағы экологиялық білімнің маңызы өте зор екендігі атап айтылған.

Халықаралық стандарттарға сәйкес экологиялық білім беру қоршаған орта арқылы және қоршаған орта үшін, қоршаған орта туралы білім беру болып табылады. Бұл экологиялық білім берудің жеке міндеттерін шешудің бірыңғай тәсілінің қырлары болып табылатын құрамдауыш бір-бірімен аса тығыз байланысты етіп қарастырылуы тиіс. Жаңа тұсы қалың жұртшылықтың әртүрлі экологиялық ақпаратты еркін алу мен таратудағы құқығын атап көрсету болып табылады.

Жапониядағы экологиялық тәрбие әдістемесі ерекше қызығушылық туғызады, себебі жапондықтар экологиялық жағдайды бақылауына ала білген, оның үстіне, елдегі шапшаң ғылыми-техникалық ілгерілеудің нәтижесінде қоршаған ортаға деген теріс

әсердің дәрежесі аса жоғары болғанына қарамастан, жалпы оны тұрақтандыра алған.

Соңғы 25 жылдың ішінде Жапония адамдарының көзқарасы өзгерді – экологиялық ойлау ұлттың этикалық көзқарасының бөлігіне айналды. Жапонияда қоршаған ортаға деген ықылас пен құрметке кішкентай балаларды, мектеп оқушыларын, студенттерді, бизнесмендерді, үй шаруасындағы әйелдерді, компаниялар президенттерін, қалалар мэрлері мен губернаторларын – барлығын тәрбиелеп, оқытады.

Экологиялық білім берудің мақсаты мұнда былайша қалыптастырылады:

қазіргі қоғамда қоршаған ортаның ластануы проблемаларының қолданбалы сипатын түсінуге, олардың Жапонияны жаңғыртумен байланысын ұғу;

сапалы қоршаған ортаны қолдау, қорғау және жаңғырту – бұл жергілікті билік органдарының мақсаттары мен міндеттері екенін, олар оны кең демократия қағидатының негізінде орындауы тиіс екендігін қалың жұртшылықтың назарына жеткізу.

Жапонияда, әдетте, толассыз экологиялық білім берудің төрт негізгі кезеңі бөліп көрсетіледі:

бірінші – табиғаттың құрылымын қарапайым зерделеу. Бұл білім беру ұйымдарындағы экологиялық білімге арналған ең қарапайым оқыту түрі;

екінші – табиғаттағы өзара іс-қимылды, оның экожүйелерді сақтаудағы рөлін зерделеу. Табиғатты сақтау, табиғаттың жоғалып бара жатқан ескерткіштерін қорғау, сақтау идеялары дамытылуда. Бұл кезең мектептің барлық сыныптарына тән;

үшінші – табиғат ортасының адамзат қоғамымен байланысын, экожүйелерді сақтаудың оның саулығына әсерін зерделейді. Экожүйелерді басқару, табиғи ресурстарды жаңғырту идеялары дамытылуда. Оқытудың бұл түрі мектептердің жоғарғы сыныптарына, колледждер мен университеттерге арналған;

төртінші – қоршаған орта бойынша пәннің өзін зерделеу. Оқытудың бұл түрі университеттердің мамандандырылған факультеттерінің студенттеріне, оқытушыларға, ересек тұрғындарға арналған.

Экологиялық тәрбие бала өзін және өзін қоршаған ортаны жаңа түсіне бастаған кезінде өте ерте жастан басталады. Жапонияда ұлттық шаруашылықтың жоғары экологиялық мәдениетіне ұлттық кәсіптік даярлықтың барлық салалары қамтылған қоршаған орта саласындағы білім беру бағдарламаларының көмегімен қол жеткізілді. Жапондықтардың табиғатқа көзқарасы – бұл негізінде топтық сана жатқан ерекше ұлттық психология.

Қытайдағы экологиялық білім берудің тарихы 20 жылдан астам уақытты қармайды. Ол өзінің бастауын 1979 жылдан алады. Қытай қоршаған орта туралы ғылымдар қауымдастығының Экологиялық білім беру комитеті конференция өткізді, онда экология курсы барлық білім беру мекемелерінде енгізу ұсынылды.

АҚШ-та халыққа экологиялық білім беру 1962 ж., Рейгел Карсонның «Жым-жырт көктем» атты кітабы басылып шыққаннан кейін басталды, ол кітабында американдықтардың жерді пестицидтермен және басқа химикаттармен қалай улайтыны, одан құстардың өлетіні туралы күйзеліспен айтылған еді. Кітаптың нәтижесінде орын алған толқу 1970 жылы шарықтау шегіне жетті, АҚШ-та Жер күні өткізілді, қоршаған ортаны қорғау туралы заңға тұтас халық қолдауын білдірді. АҚШ-та балаларға экологиялық тәрбие беру тарихи дәстүрлі сипатқа ие. Америка қоғамының негізгі міндеті баланы, ал келешекте жеке тұлғаны өз жерін сүйуге және оған ыждаһаттылықпен қарауға үйрету.

АҚШ-тың жалпы білім беру мектептеріндегі экологиялық білім әртүрлі нысандармен, бағыттармен және әдіснамалық тәсілдермен, экологиялық этика идеяларының барлық дерлік білім беру пәндерінің мазмұнына тереңінен енгізілуімен, кең жұртшылықты, әсіресе, қоғамдық үкіметтік емес ұйымдарды тұрғындардың бойында қоршаған табиғи ортаға күтіммен және жауапкершілікпен қарау нормаларын қалыптастыру процесіне тартумен сипатталады.

АҚШ-та Маура О. Коннордың «Өмір жарығы» бағдарламасы кеңінен таралды. Бұл педагогтер мен 6-дан 18-ге дейінгі жастағы оқушыларға арналған, қоршаған орта саласында үздіксіз білім берудің егжей-тегжейлі әзірленген технологиясы. Тұтас курс 4 бөліктен тұрады: 6-9 жас, 10-12, 13-15, 16-18 жастағы балалар үшін. Экологиялық тәрбие беруді ұйымдастырудың негізгі нысандарының ішінде балалармен бірге Американың ұлттық саябақтарына, жазғы лагерьлеріне табиғатқа шығу сабақтарын, әртүрлі жастағы балаларға арналған арнайы оқу әдебиетін шығаруды және халықаралық ұйымдар қызметін атап көрсетуге болады.

Еуропада балаларға экологиялық тәрбие беруді дамыту мәселелерінің алғашқы зерттеушісі ретінде Шотландиядан шыққан ботаника профессоры Патрик Геддес (1854-1933 жж.) саналады. Еуропада функциясы Еуропалық одақ (бұдан әрі – ЕО) елдерінің білім беру жүйелерін «үндестіру» мақсатындағы ынтымақтастық болып табылатын «ұлттықтан жоғары» ерекше тетік қалыптасуда. Батыс мемлекеттеріне жалпыеуропалық диалогқа қатысуға дайын азаматты, жалпымәдени, зияткерлік және эстетикалық жеке тұлғаны тәрбиелеуге ұмтылу тән. 1976 жылдан бастап тұрақты жұмыс істеп тұрған ЕО-ға мүше мемлекеттердің Білім беру комитеті, Еуропалық тәрбиелеу және

элеуметтік саясат институты (Париж), Тәрбиелеу саласындағы ынтымақтастық бюросы (Брюссель) мемлекетаралық үйлесімнің нақты бағдарламаларын әзірлейді. Экологиялық білім беру проблемаларына ерекше назар аударатын ұйымдардың ішінде әлем елдерінің экологиялық ұйымдарымен ынтымақтасатын Британия Экологиялық қоғамын айрықша атауға болады.

Еуропалық қоғамдастық елдері ішкі нарық құру кезінде, сол сияқты қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық білім беру саласындағы саясатты айқындау кезінде бірыңғай стратегия әзірлеуге тырысады. ЕО қатысушы елдердің жастары басқа елдерде де білім ала алады, сонысымен әртүрлі параметрлердегі Еуропадағы өмір туралы, оның ішінде қоршаған ортаның жай-күйі туралы өз түсініктерін кеңейте түседі. Бұл ұлттық және мемлекеттік шеңберден тыс экологиялық міндеттерді шешу кезінде күштерді шоғырландырудың алғышарттарын жасайды.

Еуропада экологиялық білім беруде отбасы белсенді рөл атқарады. Қазіргі батыс білім беру моделінде отбасы рөлінің өсуі еуропалық экологиялық педагогиканы дамытудың жетекші үрдістерінің бірі болып табылады. Әртүрлі бірлестіктер – отбасылық тәрбие топтары, ата-аналар қауымдастығы, әйелдер одақтары, элеуметтік-мәдени анимацияның үкіметтік емес ұйымдары өз жұмысын қоршаған орта мектеп жасынан бастап баланың дамуына жағымды әсер ететіндей етіп құрады. Мысалы, скандинавиялық елдерде экологиялық тәрбие, балаларды арнайы шаруашылықтарға қатыстыру арқылы үш жастан басталады, онда балалар жабайы, сол сияқты үй жануарларымен араласа алады, оларға күтім көрсете алады. Көбіне білім беру бағдарламалары практикалық нәтижеге бағдарланған: олар адамдарға жаңа – элеуметтік және табиғи ортадағы экологиялық орынды мінез-құлықты, жер ресурстарына үнеммен қарау көзқарасын сіңіреді.

Данияда экологиялық білім беруді дамытудағы маңызды тармақ экологиялық проблемалардың педагогикалық бейіндегі кәсіби білім беру жүйелерінің мазмұнына енгізілуі болып табылады. Дания халықаралық «Скандинавиядағы қоршаған орта саласындағы білім», «Балтық теңізі», «Солтүстік теңіз» және ұлттық «Таза қолдар», «Қышқылды жауындар», «Жасыл жалау» сияқты білім беру жобаларын іске асыру, теңіз жағалауларының экологиялық күйін зерделеу мен картаға түсіру арқылы, ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың негізінде скандинавиялық елдермен бірге экологиялық жобалардың тұрақты қатысушысы.

Швециядағы экологиялық білім Еуропалық қоршаған орта жылын дайындап, өткізуге байланысты 1970 жылы басталды. Сонымен бірге Қоршаған орта мәселелері жөніндегі ұлттық жоба дайындалып, іске асырыла бастады. Оның талаптарына сәйкес Швецияда педагогтер

мен оқушыларға арналған жаңа оқу құралдары мен нұсқаулықтары жарияланды.

Экологиялық білім скандинавиялық елдердің мемлекетаралық ынтымақтастығында басым мәртебеге ие болды. Швеция қоршаған ортаны қорғау қоғамы (ЕРА) Білім беру мәселелері жөніндегі ұлттық агенттікпен бірлесе отырып, экологиялық білім беру проблемалары жөніндегі жалпымемлекеттік ақпараттық желі құрды.

Швецияда 40 жылдан астам уақыттан бері орман мектебі – Густав Фромның бастамасы бойынша құрылған Мулле мектебі жұмыс істейді. Мұндай мектептердің басты міндеті – балалардың таза ауада ұзақ болуы, табиғатпен үйлесімділікте өмір сүруі. Орман мектебінің қағидаттары: балаларды табиғаттың құралдарымен дамыту; тәндік денсаулық пен психикалық денсаулықты нығайту. Тәрбиешілер балалармен бірге табиғатты бақылау, өсімдіктермен және табиғи материалдармен тәжірибе, ойындар өткізеді. Барлық істерге мектептің символы – орман баласы – Мулле қатысады.

Қазіргі Еуропа экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің ашық моделіне бағдарланған. Оның мәні – қоғамның қалың тобын оның үздіксіздігі қағидатын іске асырудың негізінде осы процеске тарту. Экологиялық білім берудің еуропалық моделінің ашықтығы мектептен тыс ұйымдар мен балалар, жастар ұйымдарының қарқындап дамуынан және жетекші рөлінен көрінеді. Олардың желісі барынша дамыған, мысалы, Германияда 4,5 мыңнан астам оқу орындары экологиялық білім берудің деңгейін арттыруға бағытталған мектептен тыс іс-шараларды ұсынады. Ал скандинавиялық елдер бойынша деректер оқушылардың 90%-дан астамы бір және одан көп қоғамдық ұйымдардың қатарында тұрғанын растайды. Олардың қызметі табиғи ресурстарды үнемдеуге, тұтыну мәдениетін дамытуға, тұрғындар арасындағы экологиялық насихатқа бағытталған бастамалардан тұрады.

Еуропалық тәжірибені талдау маңызды ғылыми зерттеулердің нысанасы баланың табиғатпен тікелей қарым-қатынасы болып табылатынын көрсетті. Кристиан Альбрехт атындағы Киль университеті жанындағы Жаратылыстану-ғылыми педагогика институты (ФРГ) арнайы зерттеулердің нәтижесінде баланың табиғатты қорғауға ұзақ мерзімді практикалық қатысуы ғана оның саналы экологиялық іс-қимылын қамтамасыз етеді, жеке тұлғаның экологиялық дамуының, жекебасты экологиялық құндылықтарды қалыптастырудың негізі болады деген тұжырымға келді.

Германияда қоршаған ортаны қорғау саласында білім беру жұмысы 1970-ші жылдары басталды. Германияда бұл табиғат қорғау орталықтары, орман мектептері, ботаникалық бақтар, оқу шаруашылық фермалары және т.с.с. Олар жастарды өсімдіктер және жануарлар дүниесімен таныстыруды, олардың табиғатпен тікелей қарым-қатынас жасауын ұйымдастыруды, оған ұқыптылықпен қарауды

калыптастыруды өз алдына мақсат етіп қояды. Табиғи кешендердің өзара байланысы, олардың көркемдігі мен нәзіктігі көрнекі материалдармен көрсетіледі: балалармен олардың жас ерекшелігіне лайықты арнайы сабақтар, акциялар, «Қоқыссыз өмір сүру», «Біз және қоршаған әлем» атты экологиялық ойындар өткізіледі. Мәселен, Финляндияда Маннергейм балаларды қорғау лигасы балалардың қызығушылығын ескере отырып, қала ортасының түрленуіне қамқоршылық етеді. Бұл экология жөніндегі омбудсмен-мамандардың көмегімен жасалады, олар балалардың сау қоршаған ортаға деген құқығына нұқсан келтіретін даулы мәселелерде жастардың адвокаттары ретінде әрекет етеді.

Балалар омбудсмендері Лиганың өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында экологиялық мәдениеттің жаңа типін тәрбиелеу жөніндегі бөлімшелерінде қажырлы жұмыс жүргізеді. Лиганың мақсаты – техногенді экономиканың жағымсыз салдарын, олардың балалар денсаулығына тигізетін теріс әсерін мейлінше азайтуды көздейді. Қазіргі еуропалық экологиялық педагогиканың маңызды тұсы эмоциялық-сезімдік құрамдауыштың күшеюі, табиғаттың рухани, эстетикалық құндылықтары мәнінің өсуі болып табылады.

Австриядағы экологиялық білім беру бағдарламалары мектеп бағдарламаларына енгізілген, мысалы: «Мектеп бағы», «Қоршаған орта тарихы», «Мектептегі экология», «Экологиялық шеберхана», «Табиғатқа арналған өнер» атты арнайы мектеп жобаларын ұйымдастыру; «Озон», «Альпі қызметі» табиғат қорғау акцияларын өткізу; арнайы оқу құралдары мен әртүрлі дидактикалық материалдар әзірлеу; педагог-экологтарға арналған семинарлар, сондай-ақ балаларға экологиялық білім беруге қатысатын барлық мамандар үшін қайта даярлау курстарын өткізу; экологиялық білім беру мәселелері жөнінде газеттер мен журналдар басып шығару; «Қоршаған орта, мектеп және жұртшылық» түріндегі арнайы экологиялық-білім беру бағдарламаларын әзірлеу; экологиялық білім беру мәселелері бойынша жалпымемлекеттік деректер банкі құру.

«Мұражай педагогикасы» Еуропада ерекше танымалдылыққа ие. Ол жастардың қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдау, онымен өзара іс-қимыл жасау қабілетін тәрбиелеуге бағытталған. Өнерге жүйелі түрде араластыру арқылы ол жастардың бойында әлемді эстетикалық күйде қабылдау, табиғат пен адамның мәнін түсіну қабілеттерін тәрбиелеуге тырысады.

Жаратылыстану-ғылыми және технологиялық сияқты көптеген мұражайлар – әрбір адамға өзгермелі өмірде өз бағытын табуға көмектеседі. Жастармен жүргізілетін жұмыс мақсатының бағдары балаларды уәждеуді ғана қамтып қоймайды, сонымен қатар өз

балаларымен бірге бос уақыт іс-қимылының алуан түріне араласатын ата-аналарды да ынталандырады.

Сурет салу, мүсіндер жасау, табиғи материалдармен жұмыс жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Батысеуропалық елдердің көптеген мектептерінде балалардың табиғи қасиеттерін ынталандыруға арналған арнайы курстар бар. Сурет салу, сәндік өнер, дизайн бойынша алынған дағдыларының сапасын оқушылар жыл сайын ұйымдастырылатын қалалық жобаларда көрсетеді. Венада мұндай іс-шара «Гүлді қала» деп аталады. Оқушылар жұмысқа қажетті материалды ала отырып, өздері үшін қолжетімді объектілерді безендіреді, сонысымен шығармашылық қабілеттері мен біліктерін барынша көрсетеді.

Францияда экологиялық білім берудегі рухани-эстетикалық, мәдени құрамдауыштарды күшейту үрдісі «Халық және мәдениет» қозғалысында айқын көрінеді. Ол мәдени қоғамдар, жаңа театрлар, мұражайлар құру, сәулет ескерткіштерін қайта жөндеу, ұлт тілінің тазалығын сақтау және дамыту болып табылады – осының бәрі экологиялық мәдениет мәнмәтінінде жүзеге асырылады. Елде оқыту мен тәрбиелеудің белсенді әдістерін практикаға енгізумен айналысатын Педагогикалық қозғалыс аясындағы Каникулдар мен бос уақыттар орталығы танымал. Олар 4-тен 18-ге дейінгі жастағы балаларды қамтиды, жастардың мәдени, ізгілік және тәндік дамуын қамтамасыз етеді. Бос уақытта өткізілетін сан алуан түрлі іс-шаралар – туризм, ашық аспан астында қона отырып, ұйымдастырылатын бағдарлар балаларды табиғат әлеміне үнілдіреді, өздерінің тұтас тірі дүниеге қатысын сезінуіне көмектеседі, олармен тікелей байланысын қамтамасыз етеді. Тәжірибелі аниматорлар оқушыларды зерттеу жұмысына, заманауи агро-мәдениетке, дизайнға, еңбекке тартады, балаларды қоршаған ортаны көркейтуге қатыстырады және сонысымен олардың бойында табиғатқа сай мінез-құлықтың практикалық дағдыларын қалыптастырады.

Экологиялық-эстетикалық педагогиканың практикалық міндеті бұл жағдайларда эстетикалық объектілердің тұтас эстетикалық кеңістіктегі орны мен рөлін сезіну, түсіну біліктерін тәрбиелеу болады. Сезімді әрі мәдени тәжірибенің байланысын еуропалық мектеп әрбір жеке адамның, сол сияқты тұтас қоғамдық топтардың санасын өзгертуге ықпал ететін маңызды педагогикалық стратегиялардың бірі ретінде қабылдайды.

Басқа мемлекеттердегідей Ресейде де үздіксіз экологиялық білім беру жүйесі жүруде, осы процестің тұжырымдамалық пайымы қалыптастырылуда. Ресей Федерациясының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңында қоғамның экологиялық мәдениетін арттыру мақсатында мектептегі тәрбиелеу мен білім берудің, орта және жоғары

оқу орындарында мамандарды кәсіптік даярлаудың барлық процесін, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, олардың біліктілігін арттыруды қамтитын жалпы кешенді әрі үздіксіз экологиялық тәрбиелеу мен білім беру жүйесі орнатылады.

Қазіргі уақытта қосымша білім беру педагогтері арасында балаларды жан жақты дамытуға бағытталған **кешенді** және тәрбиелеу мен дамытудың бір немесе бірнеше бағытын қамтамасыз ететін **парциалдық** сияқты екі типтегі экологиялық бағдарламалар көп қолданылады. Мұндай кешенді бағдарламалар қатарына «Кемпіркосақ», «Балалық шақ», «Даму», «Қайнар көздер» және бірқатар парциалдық экологиялық бағдарламалар – «Семицветик», «Табиғат және суретші», «Табиғат біздің үйіміз», «Бізді қоршаған өмір», «Өрмек» және тағы басқалары кіреді. Барлық бағдарламалар мектеп оқушыларын тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамасына бағдарланған, оның негізінде тәрбиелеудің жеке тұлғаға бағытталған моделі, балалардың зияткерлік және көркемдік қабілеттерін дамытуға жеке көзқарас жатыр.

Кешенді бағдарламалар

«Кемпіркосақ» - кіші бөлімі «Табиғат әлемі» деп аталады, балалардың танымдық дамуының құрамдас бөлігі болып табылады, оның шеңберінде балаларға ақпарат беріледі, танымдық процестерді дамытады, қоршаған әлемге деген көзқарасты қалыптастырады, барлығы бірге балалардың санасында қоршаған орта туралы біртұтас түсінік орнатады. Бағдарламаның әдістемелік материалында өсімдіктер, жануарлар туралы, Жер планетасы мен Күн жүйесінің құрылысы туралы сабақтар саны көп. Балаларға көптеген географиялық білімдер мен экзотикалық мәліметтер беріледі, маусымдық бақылаулардың негізінде әрбір айдың «портреті» құрылады, балаларды сағаттардың, күнтізбелердің, глобустардың тарихымен таныстырады. Мектеп оқушылары экологиялық білімдерді көп алмаса да, көптеген білімдерге ие болады.

«Балалық шақ», «Бала табиғат әлемінің есігін ашады» бөлімі балаларды өсімдіктер, жануарлар өмірінде болатын сан алуан құбылыстармен, олардың қоғамдастықтарымен тыңғылықты таныстырады. Бағдарлама материалы төрт мазмұнды блокты қамтиды: біріншісі – тірі табиғат өкілдері ретінде өсімдіктер, жануарлар туралы мәліметтер; екіншісі – балалардың алдында тірі организмдердің тіршілік ортасымен бейімді өзара байланысының тетіктерін ашады; үшінші блок – балаларға таныс өсімдіктер мен жануарлардың өсуі, дамуы және көбеюі туралы білімдер; төртіншісі экожүйелер сипатындағы білімдер.

«Қайнар көздер» - «Табиғат және бала» кіші бөлімі «Қоршаған әлемді тану» бөліміне кіреді және жас ерекшелік мүмкіндіктерінің

сипаттамаларын, дамудың міндеттері мен көрсеткіштерін, педагогикалық жұмыстың мазмұны мен шарттарын қамтиды. Басты назар табиғат құбылыстарына деген танымдық қызығушылықты дамытуға шоғырландырылған. Бағдарламаға балалардың тірі организм мен тіршілік ортасының байланысын тану (яғни экологиялық аспект) енгізілген.

«Даму» - табиғатпен таныстыру балалардың әртүрлі қабілеттерін дамыту құралдарының бірі болып табылады және экологиялық тәрбиелеу мәселелерін қарастырмайды. Балалар табиғат объектілерін, олардың жай-күйін, өзгеруін, өзара байланысын болжамдап көрсетудің қарапайым нысандарына үйренеді. Бағдарламада балаларға экологиялық тәрбие берудің білім беру үрдісі бар.

«Сәби» (ең кішкентай балалар – ерте жастағы балаларды балабақшада және отбасында тәрбиелеу бағдарламасы) (бағдарлама авторы – Е.Ф.Терентьева) және басқалары.

Парциалдық

«Семицветик» - балалардың мәдени-экологиялық біліміне, олардың бойында ізгілік бастамаларын дамытуға негізделеді. Бағдарламаның негізі табиғаттағы, адам қолымен жасаған туындылардағы және адамның өзіндегі – оның ішкі жан-дүниесі мен жасампаз амалдарындағы әсемдікті қабылдау болып табылады.

Барлық бағдарламалар балаларды мектепте тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамасына бағдарланған, оның негізінде тәрбиелеудің жеке тұлғаға бағдарлану моделі, баланың зияткерлік және көркемдік қабілеттерін дамытуға деген жеке көзқарас жатыр.

«Экология әліппесіне» енгізілген табиғат қорғау қызметі ерекше маңызға ие, оны жоғарғы сынып оқушылары жылдың барлық маусымында жүзеге асыра алады. Бұл жәндіктерге, сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарларға мұқият қарау, қыста құстарды тамақтандыру ғана емес, сонымен қатар, балапан басатын өте жауапты уақыт – көктемде де оларға күтіммен қарау; бұл планета ресурстарын (су мен электр энергиясын) үнемдеу; бұл өз денсаулығына жауаптылықпен қарау және өздері өмір сүретін ортаға қамқор болу.

«Экология әліппесінің» әрбір бөлімінде «Табиғи құндылықтардың алуан түрлілігі», «Табиғаттағы тірі дүниелердің өзара әрекеттесуінің нормалары мен қағидалары» деген кіші бөлімдер бар. Табиғаттың адам үшін құнды – танымдық, эстетикалық, ізгілік және орта туғызушы аспектілері көрсетілген.

Ресейде тұрақты дамытуға арналған білім беру жүйесі қалыптастырылуда: бұл білім беру саласын орнату бұрыннан бар экологиялық білім беру жүйесіне сүйенеді. Кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталды. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу білім беру саласында икемді, жедел

түрленетін білім беру жүйелерінің пайда болуына және таралуына алып келетіні негізделген. Олар білім берудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді, шығармашылық қабілеттерді қалыптастыруға, ойлау шапшаңдығын, икемділігін, бірегейлігін, дәлдігін дамытуға жәрдемдеседі. Экологиялық білім берудегі ақпараттық технологиялардың орны айқындалды. Экологтың кәсіби құзыреттілігі табиғатты пайдаланудың ғылыми негіздері білімін қалыптастыруды ғана емес, сонымен қатар экологиялық мәдениетті: қажетті пікірлерді, ізгілік қағидаттары мен белсенді өмір ұстанымын да қалыптастыруды, яғни бірқилы ойлауды қалыптастыру үшін жағдайлар жасауды көздейтіні белгілі.

Жалпы, әлемнің дамыған елдерінде ұлттық, өңірлік және жаһандық жобалар мен бағдарламаларды енгізу арқылы білім берудің барлық деңгейлерін экологияландыру процесі жүріп жатқанын атап өтуге болады.

3. Мектеп оқушысы жеке басының қазіргі заманғы азаматтық қасиеттерін қалыптастыру үшін экологиялық тәрбиелеу қызметінің түрлерін кешендерін пайдалану

Экологиялық мәдениет бастауларын қалыптастыру – бұл табиғаттың тікелей өзіне оның сан алуандығында, табиғаттың байлығы негізінде материалдық байлықты немесе рухани құндылықтарды қорғайтын және құратын адамдарға, табиғаттың бір бөлшегі ретінде өзіне дұрыс қарым-қатынастардың саналы түрде қалыптасуы; өмір мен денсаулықтың құндылығын және олардың қоршаған орта жағдайына тәуелділігін түсіну; өзінің табиғатпен өзара жасампаз іс-қимыл жасай алатынын түйсіну.

Қазақстан Республикасы қосымша білім беру жүйесінде мектеп оқушыларына экологиялық білім беру тиімділігі дамып келе жатқан ортаны құруға және дұрыс пайдалануға, сондай-ақ балалармен жүйелі жұмыс жасауға тұтастай тәуелді. Бүгінгі күні экологиялық білімді қалыптастыруға көмектесетін және экологиялық мәдениетті қалыптастырудың міндетті құрамдауышы болып табылатын әртүрлі қызмет түрлері көп. Бұл – саяхаттар, табиғатқа экскурсиялар; бейнелеу, музыка, театр қызметі; әлеуметтік-моральдық міндеттерді, түйткілді мәселелерді шешу; көркем әдебиет оқу, халықтық табиғаттанушылық дәстүрлермен, яғни халық ұрпақтан ұрпаққа беріп келе жатқан табиғат байлықтарын сақтау, көбейту және пайдалану тәжірибесімен танысу: Бұл халық шығармашылығындағы ағарту: жұмбақтар, мақал-мәтелдер, аңыздар, ойындар.

Табиғи қоршаған ортамен өзара іс-қимылда бала белсенді субъект. Қарым-қатынас, байқау, сынау, ойын, табиғатты қорғау және

басқа да қызмет түрлері арқылы бала пайдалы жеке тәжірибе жинақтайды. Ол өзінің әлемді тану және онымен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін сезініп, байқағанын түсінуі, өз пікірін дұрыс жеткізе алуы және сезімін білдіре алуы тиіс. Мұндай белсенділік көрсеткіштері: табиғи қоршаған ортаны эмоционалды қабылдау; мінез-құлықтағы салмақты дербестік; табиғи қоршаған ортадағы практикалық өмір дағдылары, оның құрамдауыштарына қатысты құндылық; өзін-өзі қорғау құралдарын меңгеру, қиындықтарды жеңе білу болып табылады.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушыларға экологиялық білім беруде табыс, ең алдымен, олардың психофизиологиялық ерекшеліктерін педагогтің түсінуіне байланысты қамтамасыз етіледі. Бастауыш мектеп жанындағыларға экологиялық білім беру міндеті – табиғат әлемінде, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінде алғашқы бағдар беру. Табиғаттағы бастапқы байланыстарды түсінуін және олардың өмір сүруі үшін белгілі бір жағдайлардың қажеттігін түсінуін қамтамасыз ету. Бастауыш мектеп жасындағы оқушыларға экологиялық білім беру қызметінің негізгі түрлері табиғат құралдары мен объектілерін бірнеше мәрте қайталанған сенсорлық зерттеп-қарау және оларды практикалық манипуляциялау болып табылады.

Экологиялық білім беруде **көркем сөйлеу қызметі** де оң ықпал етеді, оған сурет салу, аппликация, мүсіндеу және конструкциялау, табиғаттану тақырыбына спектакльдер ойнау, көркем әдебиет оқу жатады, осының бәрі балалардың бойында табиғатқа деген саналы дұрыс көзқарасты қалыптастырады, оларды табиғатты қорғау қызметіне тартады.

Мектептегі балалық шақ кезеңінде қоршаған ортаны алғаш сезіну қалыптасады: бала табиғат туралы эмоциялық әсер алады, әртүрлі өмір салты туралы түсінік жинайды, оның экологиялық ойлау, сана, экологиялық мәдениеті қалыптасады.

Табиғат объектілерін тануда экологиялық тәрбиелеу әдісі ретіндегі **практикалық ойындардың** рөлі маңызды. Қазақстанның қосымша білім беру жүйесінде балаларға экологиялық білім беруде сюжеттік-рөлдік ойындар кеңінен қолданылады. Аналогтары бар ойындық оқыту жағдайлары олардың көмегімен балаларда жастайынан бірқатар маңызды белгілер негізінде тірі организмдердің айрықша ерекшеліктері туралы айқын түсінік қалыптастыруға болатындығымен маңызды. Олардың көмегімен тірі және тірі емес объектілермен әртүрлі қызмет нысандарын көрсетуге болады: саяхаттар типіндегі ойындық оқыту жағдайлары.

Саяхаттар – көрмелерге, фермаларға, хайуанаттар саябағына, табиғат салондарына, экскурсияларға, жорықтарға, экспедицияларға, сапарларға бару түріндегі ойындардың жиынтық атауы. Қызықты орындарға бара отырып, балалар ойын түрінде табиғат туралы жаңа

білімдер алады, оған жетекшінің ойындағы міндетті рөлі ықпал етеді. Табиғатпен танысу баланы табиғат әлемімен байланысты әртекті танымдық қызметке тартудың педагогикалық орындылығына негізделген экологиялық қызметтің гетерогендігі қағидатын сақтауды көздейді. Мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктері танымдық қызметтің белсенді нысандарын пайдалануды алдын ала айқындайды. Басымдық тікелей бақылауларға, ойындарға, тәжірибелерге, өсімдіктер мен жануарларды күтуге беріледі, алайда басқа да қызмет түрлерін пайдаланған жөн.

Бақылау балалардың бойында табиғатқа деген қарым-қатынастың әртүрін дамытады: танымдық қызығушылық, эстетикалық уайымдау, тілектестік. Жаңаны тануға қажеттілік тірі организмнің оның тіршілік ету ортасымен себеп-салдарлық байланыстары туралы ересек адамның түсініктемелерімен сүйемелденген объекті жөнінде бірнеше рет айтудың арқасында қалыптасады. Табиғаттың тіршілік етушілері өміріндегі осындай байланыстарды түсіну негізінде, олардың қазіргі жағдайдағы көңіл-күйіне байланысты оларды уайымдау, тілектестік, моральдық жауапкершіліктің бастапқы нысандары, көмектесуге дайын болу пайда болады. Бұл білімнің қарым-қатынасқа өзгеру жағдайы.

Бақылаулар процесінде табиғатқа деген эстетикалық қатынастың тууына объектіні, оның барлық сенсорлық ерекшеліктерін – нысанын, бояуын, пропорцияларын, өлшемін және т.б. егжей-тегжейлі, сезімталдықпен қабылдау ықпал етеді. Барлық табиғи объектілер, егер олар өмір сүруге қолайлы жағдайларда болса, морфофункционалдық сұлулықты – құрылу сұлулығын және түрлі көріністерді паш етеді. Бұл ретте ол әрқашан өзіне тән айқын көрінетін түрлі ерекшелікке ие. Объектінің әдемілігіне арналған байқаулар балаларда әрбір жануар мен өсімдіктің нысаны, түсі, желісі, пропорциялары үйлесімділігін және олардың өзара байланысы мен функционалдылығын көру және сезіну қабілеттерін дамытады.

Бақылаулар арқылы табиғатқа саналы дұрыс қарым-қатынас қалыптастыруда үлгілеу қызметінің - табиғат күнтізбелерін жүргізудің, оларда байқаулар нәтижелерін көрсетудің маңызы зор. Педагог оқушыларды күнтізбенің беттерін өз бетінше толтыруға, оның параметрлерін бағдарлауға, тиісті нышандарды дұрыс пайдалануға үйретеді. Бұл бірлескен қызметтің ұзақ уақыт өтуі, барлық оқу жылы ішінде мерзімді-тұрақты жүзеге асырылуы үлкен маңызға ие.

Жоғары сынып оқушыларында байқауға және оның нәтижелерін үлгілеуге туындайтын көзқарас – бұл табиғатқа деген танымдық қарым-қатынас және сонымен бірге оқу қызметіне деген қызығушылық. Мұндай тәсіл кезінде бақылау біртұтас педагогикалық процесс, тәрбиеші мен мектеп оқушыларының бірлескен зияткерлік қызметі

болады. Бұл ретте ересек адамның әрекеті бақылауды жоспарлауға және ұйымдастыруға, тәрбиелеу-білім беру міндетін шешуге, ал балалардың ақыл-ой күші объектіні толыққанды қабылдауға, қажетті ақпаратты іздеуге және алуға бағытталған. Бірлескен тарату зияткерлік қызметтің осындай схемасы кезінде бақылау оқушыларда байқау объектілері және оларға қарым-қатынастар туралы нақты экологиялық білімдер шеңберін қалыптастыратын экологиялық тәрбиелеу әдісі болады.

Бақылауды әртүрлі сабақтарға пайдаланған жөн. Сабақтар байқаулардың мазмұнын шығармашылық іске асыру үшін, тәрбиеші қатысатын экологиялық қызметтің әртүрлі түрлеріне балалардың қосылуын алдын ала айқындайтын ауқымды кеңістікті қамтамасыз етеді. Осындай қызметтің әрбір түрінің мақсаты экологиялық сананың, экологиялық мінез-құлықтың алғашқы негіздерін, яғни жеке бастың экологиялық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Бақылаулардың елеулі рөлі және оның бала өміріндегі тәрбиелік мәні туралы И.Г. Песталоцци былай деген: «Мен бақылаудың әрқашан сөзге негіз болғанын және нақты білімнің пайымға негіз болғанын қалаймын... Құстар әсем сайрағанда және жаңа ғана дүние есігін ашқан құрт бауырымен жорғалағанда, тіліндегі жаттығуды тоқтат. Құс үйретеді, ал құрт одан да көпке әрі артыққа үйретеді. Үндеме!»

Табиғатқа экскурсиялар. Балалармен жақын маңдағы табиғи ортаға экскурсиялар – бұл қызықты және пайдалы педагогикалық іс-шара. Бір уақытта әртүрлі – сауықтыру, танымдық, адамгершілік, эстетикалық міндеттер шешіледі. Экскурсия ұйымдастырылуы бойынша кешенді іс-шара болып табылады. Балалардың ақыл-ой дамуына танымдық сипаттағы әртүрлі іс-шаралар: табиғат құбылыстарын байқау, ересек адамдардың түсіндірулері, сөздік ойындар, демалыс уақытында жұмбақтар шешу әсер етеді.

Балалардың адамгершілік дамуына табиғатты қорғау қызметі: қыс уақытында жем салынған астаулар ілу, күзде немесе көктемде құстарға арналған үйшіктер ілу, жылдың жылы мезгілінде құмырсқаның илеулерін қоршау әсер етеді. Тұрақты серуендейтін орындарды жинау, табиғи және тұрмыстық қалдықтардан тазартуды ұйымдастырған дұрыс. Жорықтың осы бөлігін дұрыс өткізу өте маңызды – үлкендер балаларға өздерінің табиғатқа қалай қарайтынын, оны қалай жақсы көретінін, бәрі бірге тұратын ортақ үйді қалай аялайтынын іспен көрсетеді. Балаларды табиғатта эстетикалық тәрбиелеу аумақты таныстырудан басталады – педагог бұл жердің әдемі екенін, себебі бәрі таза әрі күтілгендігін айтады. Педагог балалардың бойында әртүрлі құбылыстарда табиғаттың кереметін қабылдау сезгіштігін дамытады.

Қосымша білім беру жүйесіндегі экологиялық тәрбиелеу тиімділігінің кешенді тәсілді іске асыруға мүмкіндік беретін, қазіргі заманғы кезеңде қалыптасып жатқан маңызды педагогикалық шарттарын анықтай отырып, мыналарды: мектеп оқушыларының танымдық және қолданбалы қызметін жандандырудың инновациялық нысандары ретінде **мектеп оқушыларының қоғамдық пайдалы қызметін, экологиялық форумдарды, олимпиадаларды, көрмелерді**, жоғары сынып оқушыларының экологиялық тәрбиелеу деңгейін арттырудың әлеуметтік бағыты ретінде **экологиялық қозғалысты**, сондай-ақ мектеп оқушыларын экологиялық тәрбиелеуді жүзеге асыратын кадрларды педагогикалық даярлауды жетілдіру қажеттілігін атап айтуға болады.

Қоғамдық пайдалы жұмыстың тәрбиелеу процесінің елеулі құрастырмалы модельдердің бірі болып табылатындығына қарай, қосымша білім беру ұйымдарында практикалық және теориялық қасиеттердің бірлігі ретінде қызметті түсінуге орай айқындалатын оның жекелеген түрлері атап көрсетіледі. Қоғамдық пайдалы қызмет процесінде қызметтің сан алуан түрлеріне интеграцияланатын табиғатты қалпына келтіру және қорғау бойынша негізгі объективті белгісі мектеп оқушыларының қолайлы ортада уәждердің тиісті жүйесінің нәтижесі және сонымен қатар, ең соңында экологиялық дүниетаным ұстанымдарының қалыптасуына ықпал ететін жаңа уәждердің туындауының негізі ретінде жеке басының қажеттілігімен сәйкес келетін қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталуы болып табылады.

Еңбек қызметі процесінде мектеп оқушысының өз білімін практикада қолдануға, жаңасын алуға, табиғатта әртүрлі өзара байланыстардың (өсімдік, жануар – қоршаған орта) бар екеніне көз жеткізуге мүмкіндігі бар. Қызметтің бұл түрі басқаларына қарағанда оқушылардың бойында табиғатқа саналы дұрыс көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді. Онда күтудің қажетті дағдылары, тірі организмдер үшін жауапкершілік сезімі қалыптасады.

Оқушы баланың еңбектену әрекеті әрқашан ойын элементін, ересектердің өміріне қызығушылықты қамтиды. Не дегенмен, «**табиғат аясындағы еңбек**» дәстүрлі түрде мектеп оқушысының қоршаған ортамен танысуының, ал соңғы жылдары мектеп оқушыларына экологиялық білім берудің ажырамас құрамдас бөлігі болып саналады және балабақшалардың жұмыс практикасында белсенді қолданылады. Табиғатта еңбек ету процесінде мектеп оқушысы өз қызметін, өз қалауларын белгілі бір қоғамдық уәждерге тәуелді етуге, өз еңбегінің адамдарға пайда әкелетінін, жануарлар мен өсімдіктерді сақтайтынын түсінуге үйренеді.

Алайда, балалардың еңбектену әрекетін жеке басты бағдарлау тәсілін іске асыру және гендерлі ерекшеліктерді есепке алу негізінде жүзеге асыру қажет. Біріншіден, педагог баланың жеке ерешеліктерін ескеруі тиіс. Ең алдымен, бала өз еңбегінің қажеттігін түсінуі және өз бетінше таңдау жасауы тиіс.

Мектеп оқушысының өзінің қоғамдық және дүниетанымдық ұстанымының көрінуі негізінде экологиялық қозғалысқа қатысуы экологиялық тәрбиелеудің маңызды нысаны болып саналады. Экологиялық тәрбиелеу тиімділігі шарттарының бірі ретінде мектеп оқушысын белсенді насихат қызметіне тарту және практикалық тәжірибе жинақтау, белгілі бір ұйымдастыру нысандарын, атап айтқанда, оны ересектердің экологиялық қозғалысымен біріктіруді пайдалану саналады.

Экологиялық тәрбиелеуді ұйымдастырудағы педагогикалық әлеует оның білім берудің гуманистік сипатын жүзеге асырудағы жаңа рөлін, жалпы адами құндылықтар басымдығын, жеке бастың еркін дамуын, осы процесті басқаруда қолайлы педагогикалық жағдайлар жасау негізіндегі вариативтілік пен демократиялылықты есепке ала отырып, айқындалады.

Жаратылыстану білімдерін меңгеруде адам туралы білімдерді меңгерудегідей іздестіру-зерттеу қызметі басым болуы тиіс. Мектеп оқушыларымен жұмыс практикасында дамыта отырып оқыту элементтерін іске асыру шеңберінде зерттеушілік қызметті пайдалану ұсынылады.

Іздестіру-зерттеу қызметі – бұл балалардың педагог ұйымдастырған қызметі, онда олар табиғатты өз бетінше ашу, түйткілді міндеттерді шешу, практикалық қайта жасалатын қызметтер арқылы бір уақытта жаңа білімді, сондай-ақ оны әрі қарай өз бетінше алудың біліктері мен дағдыларын меңгереді.

Зерттеу жұмысы баланың танымдық қызығушылығын, оның ойлауын, қорытынды жасай алуын дамытуға көмектеседі. Іздестіру қызметінің негізгі түрі ретінде мектеп оқушысы өзін қоршаған заттар мен құбылыстарға оны одан да толығырақ тану мен игеру мақсатында әртүрлі тәсілдермен өз бетінше ықпал ететін зерттеуші ретінде болады.

Экологиялық білім берудегі интеграция туралы айтқанда, педагог өз жұмысында пайдаланатын іс-шараларды атап өткен жөн. Ең алдымен, бұл бір тақырып шеңберінде балаларды дамытудың әртүрлі міндеттерін шешетін және қызметтің әртүрінде құрылатын **кешенді сабақтар**. Кешенді сабақтарды әртүрлі тақырыптарға ұйымдастыруға және әртүрлі жастағы топтарда жүргізуге болады. Егер кешенді сабақ шебер құрылған болса, уақыты жағынан дәстүрлі сабақ шеңберінен шығуына болады, педагогтің сәтті жерде музыканы пайдалануына, көңілді дене шынықтыру минутына өткізуіне болады.

Балалармен жұмыс істеу педагог пен баланың бірлескен шығармашылығын болжайды және оқытудың авторитарлық үлгісін көздемейді. Сабақтар қоршаған ортаны баланың көрнекі-іс қимылды және көрнекі-образдық қабылдауын ескере отырып құрылады және экологиялық білімнің (жануарлар әлемі; өсімдіктер әлемі; тірі емес табиғат; жыл мезгілдері туралы білім) және табиғат құбылыстары мен объектілеріне экологиялық дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бағытталған.

Осылайша, мектеп оқушысын экологиялық тәрбиелеудің негізгі мәні: оның табиғатпен арасындағы өзара байланысты және өзара тәуелділікті түсінуінде, әлемдегі экологиялық жағдайды өзгертуге оң әсер етуге дайындығын және талабын қалыптастыруда. Бұл міндеттерді шешуде ерекше рөл қосымша білім берудің құрылымы, нысандары мен жұмыс әдістері тәрбиелеу процесіне жаңа идеялар енгізуге үлкен мүмкіндіктер беретініне байланысты соған тиесілі.

Экологиялық білім берудегі интеграциялық, тәртіпаралық тәсілдер экологиялық білімнің жүйелілігіне әкеледі, бұл балаларға өлкетану, ұлттық және жаһандық экологиялық проблемалардың өзара байланысын көруге мүмкіндік береді, қоршаған орта жағдайын перспективалы зерттеу көкжиегін ашады, ғылыми болжамдаудың қолжетімді нысандарына тартуға, яғни жеке мінез-құлқындағы экологиялық орынды шектеулерге ынталандырады. Сондықтан айтарлықтай бағалы тәжірибені талдау, зерделеу, қорыту және экологиялық тәрбиелеудің жаңа тәсілдері мен технологияларын әзірлеу, олардың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуін құруды негіздеу маңызды.

4. «Бөлмеде гүл өсіру» білім беру бағдарламасы

Текенова Б.К., Павлодар қаласындағы Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығының қосымша білім беру педагогі

«Бөлмеде гүл өсіру» білім беру бағдарламасы бөлме өсімдіктерінің түрлік құрамының алуан түрлілігін ашады. Балалар бөлмеде гүл өсіру мәдениетінің биологиялық ерекшеліктерімен, оларды шаруашылық мақсаттарда және медицинада пайдаланумен танысады. Гүлдер жұмыс еңбек және эстетикалық тәрбиелеудің өте жақсы құралы болып табылады, қуаныш әкеледі, мейірімділік және сұлулық сезімін тәрбиелейді, көркемдік талғамды, бізді қоршаған табиғат әлеміне ұқыпты қарауды меңгертеді.

Бағдарлама мақсаты – оқушыларға экологиялық білім және тәрбие беру, мектеп оқушыларын гүл өсіруші, флорист, дизайнер (ландшафт, интерьер), косметолог мамандықтарына кәсіби бағдарлау.

Бағдарламада интерактивті оқытудың нысандары мен тәсілдері қолданылады, олардың негізі ретінде оқушылардың өсімдіктер әлеміне, қоршаған ортаға деген қызығушылықтары алынған.

Оқытудың бірінші және екінші жылында экология негіздері бар бөлмеде гүл өсіру саласындағы негізгі құзыреттер жүйесі арқылы жалпы құзыреттер қалыптастырылады.

Оқытудың үшінші жылында клуб оқытушыларының тапсырмасы немесе оқушының жеке ықыласы бойынша зерттеу қызметінің негізгі құзыреттері дамытылады.

Бейімделу, әлеуметтену, социумға бірігу және тұлғаның өзін өзі тануы сияқты жалпы құзыреттер коммуникация, денсаулық сақтау, әлеуметтену, шығармашылық секілді міндетті құзыреттер арқылы дамиды.

Теориялық сабақтар дәріс, әңгіме түрінде өткізіледі, өсімдіктерді, фотосуреттерді, әдебиет көздерінен алынған суреттер пайдаланылады.

Теориялық бөлім

өсімдіктерді өсіру агротехникасы туралы түсінік қалыптастыру;

өсімдіктердің көбею тәсілдерін зерттеу;

өсімдіктердің жіктелуін және биологиялық ерекшеліктерін зерттеу.

Тәжірибелік бөлім

зерттеу жұмысы дағдысын қалыптастыру;

бөлме өсімдіктерін күту дағдыларын дамыту.

Оқыту қағидалары

даралық;

қол жетімділік;

сабақтастық;

нәтижелілік.

Бағдарламада оқытудың келесі тәсілдері қолданылады:

түсіндірме-көрнекі тәсіл;

күрделі мазмұндау;

эвристикалық әдіс;

зерттеу тәсілі.

Оқу-тақырыптық жоспары

Бірінші оқу жылы

№	Тақырыптың аталуы	Жалпы сағаттар	Сағаттар саны	
			Теория	Практика
1.	Кіріспе	2	2	-
2.	Бөлме өсімдіктерінің әлемі және олардың адам өміріндегі рөлі	22	14	8
3.	Гүл өсірудің қысқаша тарихы	8	8	-
4.	Бөлме өсімдіктерінің биологиясы және экологиясы	24	18	6
5.	Бөлме өсімдіктерін күту	42	22	20

6.	Шипалы бөлме өсімдіктері	18	10	8
7.	Бөлмеде гүл өсіру және эстетика	26	14	12
8.	Қорытынды сабақ	2	-	2
	Барлығы	144	90	54

Бағдарлама мазмұны

1. Кіріспе (2 сағат). Бөлмеде өсетін гүлді-сәндік өсімдіктермен танысу.

2. Бөлме өсімдіктерінің әлемі және олардың адам өміріндегі рөлі (22 сағат). Бөлме өсімдіктерінің адам өміріндегі рөлі. Туған өлкедегі гүл өсірушіліктің дамуы. Сіздің үйдегі бөлме өсімдіктері. Бөлме өсімдіктерін орналастыру тәсілдері. Бөлме өсімдіктерінің экологиялық төлқұжаты. Өсімдіктің түрлік атауы, шығу тегі, күту ерекшеліктері. Бөлме өсімдіктерінің алуан түрлілігі (қорытынды сабақ).

Тәжірибелік сабақтар:

№1. Бөлме өсімдіктерін зерттеу.

№2. Бөлме өсімдіктерін үй-жайда орналастыру тәсілдері.

№3. Заттаңбаларды және төлқұжаттарды құрастыру.

№4. Бөлме өсімдіктерінің мектеп топтамасын төлқұжаттау.

№1 экскурсия. Экзотика лебізімен (экзотикалық өсімдіктер жылыжайы).

3. Гүл өсірудің қысқаша тарихы (8 сағат). Бөлмеде гүл өсірудің пайда болу тарихы. Маңызды географиялық ашылулар дәуіріндегі гүлдердің саяхаты. Бөлме өсімдіктері туралы хикаялар, аңыздар және мифтер. Гүлдер туралы ертегі-аңыздар (қорытынды сабақ).

№2 экскурсия. Гүл – жұмбақ (Бөлме өсімдіктерінің жылыжайы).

4. Бөлме өсімдіктерінің биологиясы және экологиясы (24 сағат). Бөлме өсімдіктерінің тыныс алуы. Өсімдіктердің қоректену элементтеріне қоятын талаптары. Бөлме өсімдіктерінің аурулары. Бөлме өсімдіктерінің зиянкестері. Бөлме өсімдіктерін орналастыру қағидалары. Өсімдіктердің жарыққа, жылуға, суға және ауа ылғалдығына қатысты талап етушілігі. Жарық сүйгіш және жылу сүйгіш өсімдіктер. Көлеңкеге төзімді өсімдіктер. Жасыл түлек (қорытынды сабақ).

Тәжірибелік сабақтар:

№5. Өсімдіктерді зиянкестерден және аурулардан қорғау.

№6. Бөлме өсімдіктерін күту бойынша агротехникалық шаралар.

№7. Өсімдіктерді олардың талаптарына және жарықтандыруға сәйкес орналастыру.

5. Бөлме өсімдіктерін күту (42 сағат). Қысқы бақтардағы, жылыжайлардағы, мектептердегі бөлме өсімдіктері. Бөлме өсімдіктерін үй жағдайында күтудің ерекшеліктері. Бөлме өсімдіктерін жылыжайда

өсіру ережелері. Бөлме өсімдіктерін жүйелі күту. Жасыл түлектерді мерзімді күту. Өсімдіктер үшін жағдайларды қалай жақсартуға болады? Өсімдіктерді қайта отырғызуға, топырақпен бірге қайта отырғызуға дайындау. Бөлме өсімдіктеріне арналған топырақтардың түрлері. Бөлме мәдениетінің көбею тәсілдері. Бөлме өсімдіктерінің ұшындағы бүршікті алып тастаудың және қиюдың ережелері. Өсімдіктердің нақты топтары үшін топырақ қоспасын құрастыру.

Тәжірибелік сабақтар:

№8. Бөлме өсімдіктерін отырғызу ережелері.

№9. Жылыжайдағы өсімдіктерді күтудің агротехникалық ережелері (суару, топырақты қопсыту, өсімдіктерге су бүрку)

№10. Топырақ қоспаларын дайындау.

№11. Бөлме өсімдіктерін қайта отырғызу.

№12. Бөлме өсімдіктерін қалемшелеп жалғау.

№13. Бөлме өсімдіктерінің жапырақтар арқылы көбеюі.

№14. Бөлме өсімдіктерінің тамыр арқылы көбеюі.

№15. Бөлме өсімдіктерінің ұшындағы бүршігін алып тастау, қию.

№16. Кабинеттегі гүлдерді агротехникалық күту (суару, су бүрку).

№17. Бөлме өсімдіктерін топырақпен бірге қайта отырғызу (қорытынды сабақ)

6. Шипалы бөлме өсімдіктері (18 сағат). Ботаникалық бақтар және дәріхана бақшалары. Бөлме өсімдіктері – ауа кеңістігінің санитарлары. Шипалы өсімдіктерді өсіру және күту шарттары. Фитонцидтер және олардың адам денсаулығына әсері. Шипалы бөлме өсімдіктері (қорытынды сабақ).

Тәжірибелік сабақтар:

№18. Бөлмеде өсетін гүлдерді күту бойынша агротехникалық шаралар.

№19. Рецепттерді құрастыру және шипалы бөлме өсімдіктерінен халық емдік дәрі-дәрмектерін дайындау.

№20. Өсімдіктерді қайта отырғызу үшін топырақты дайындау.

№21. Шипалы бөлме өсімдіктерін қайта отырғызу және топырақпен бірге қайта отырғызу.

№3 экскурсия. Бөлмеде өсетін гүлдер – дәрілік өсімдіктер.

7. Бөлмеде гүл өсірушілік және эстетика (26 сағат). Бөлмеде гүл өсірушілік хобби ретінде. Бөлме мәдениетінің көмегімен шығармашылық безендіру ережелері. Гүл композицияларын жасау. Гүлдер және өнер (гүлдерді аранжирлеу өнері, әр түрлі интерьерлердегі өсімдіктер). Өсімдіктердің негізгі топтары, олардың алуан түрлілігі. Гүл композицияларының түрлері (кішігірім бақ, террариум, бөлек композициялар, кәсіби композициялар). Бөлме өсімдіктерін топтар бойынша анықтау.

Тәжірибелік сабақтар:

№22. Бөлме өсімдіктерін топтарға бөлу.

№23. «Кішігірім бақ» композициясын құрастыру.

№24. «Террариум» композициясы үшін өсімдіктерді таңдау.

№25. Кәсіби композицияны құрастыру.

№26. Контейнерлердегі композициялар.

№27. Композиция түрлерін бөлме өсімдіктерінен құрастыру (Қорытынды сабақ).

8. Курс бойынша қорытынды сабақ (2 сағат).

Оқу-тақырыптық жоспар

Екінші оқу 2 жылы

№	Тақырыптың атауы	Жалпы сағаттар	Сағаттар саны	
			Теория	Тәжірибе
1.	Кіріспе	3	3	
2.	Бөлме өсімдіктерінің тіршілік әрекеттері үшін экологиялық факторлар	27	21	6
3.	Бөлме өсімдіктерінің көбеюі	39	21	18
4.	Бөлмеде өсетін гүлдер және өнер	36	12	24
5.	Бөлме өсімдіктерінің шығу тегі және биологиялық ерекшеліктері	48	21	27
6.	Жылыжайдағы бөлме өсімдіктерін күту	60	18	42
7.	Қорытынды сабақ	3	-	3
	Барлығы	216	96	120

Бағдарламаның мазмұны

1. Кіріспе (3 сағат). Жылыжай жағдайларында тропиктер және субтропиктер гүлді-сәндік мәдениеттерін өсіру.

2. Бөлме өсімдіктерінің тіршілік әрекеттері үшін экологиялық факторлар (27 сағат). Гүл шаруашылығын ұйымдастырудың ерекшеліктері. Өсімдіктерді қорғалған топырақта өсіру. Бөлме өсімдіктерінің өсуіне және дамуына әсер ететін экологиялық факторлар. Жарық сүйгіш, көлеңкеге төзімді және көлеңке сүйгіш өсімдіктердің сипаттамасы. Минералды тыңайтқыштар және органикалық тыңайтқыштар. Топырақ қоспалары және олардың түрлері. «Жасыл планета» тақырыбындағы қорытынды сабақ.

Тәжірибелік сабақтар

№1. Өсімдіктерді қыстауға дайындау.

№2. «Жасыл операциялар» және өсімдіктерді күтудің басқа әдістері.

№1 экскурсия. Жылыжай құрылысымен танысу.

3. Бөлме өсімдіктерінің көбеюі (39 сағат). Бөлме өсімдіктерін жүйелі және мезгіл-мезгіл күту. Топырақты қопсыту және өңдеу. Бөлме өсімдіктерін суару және «құрғақ суару». Өсімдіктерді тазалықта ұстау. Өсімдіктерді қорғау жүйесі. Бөлме өсімдіктерінің көбею тәсілдері. Бөлме өсімдіктерін қоректендіру.

Тәжірибелік сабақтар

№3. Жылыжайдағы агротехникалық шаралар (қопсыту, өсімдіктерді тазарту, топырақты өңдеу).

№4. Гүлдерді агротехникалық күту (суару, құрғақ суару).

№5. Жылыжайдағы өсімдіктерді мезгіл-мезгіл күту.

№6. Өсімдіктерді көзбен көретін белгілері бойынша анықтау.

№7. Бөлме өсімдіктерін толық минералды тыңайтқышпен қоректендіру.

№8. Бөлме өсімдіктерінің көбеюі.

4. Бөлмеде өсетін гүлдер және өнер (36 сағат). Сәндік-жапырақты өсімдіктер және сәндік-гүлдейтін бөлме өсімдіктері. Фитодизайн өнері. Композициялар түрлері. Гүлдер және өнер (қорытынды сабақ).

Тәжірибелік сабақтар

№9. Гүлдерді күту («құрғақ суару», құрғақ жапырақтарды қию)

№10. Интерьердегі бөлме өсімдіктері.

№11. Үй-жайды декорациялау.

№12. Кішігірім бақ композициясын құрастыру.

№13. Топырақ қоспаларын дайындау.

№14. Флорариум құрастыру.

№15. Кәсіби композицияны құрастыру.

№16. Үй-жайлардың экологиялық жағдайы.

5. Бөлме өсімдіктерінің шығу тегі және биологиялық ерекшеліктері (48 сағат). Тропик ормандары және субтропик өсімдіктері. Бөлмеде өсетін улы өсімдіктер. Тірі кондиционерлер. Бөлме өсімдіктерін құжаттандыру. Кактус және жасаңшөп тұқымдастары. Таңғажайып бөлме өсімдіктері. Экваторлық Африкаға бөлме өсімдіктерін алу үшін экспедицияға бару (қорытынды сабақ).

Тәжірибелік сабақтар

№17. Бөлме өсімдіктерінің төлқұжаттарын жасау және жаңарту.

№18. Колеустың ұштық қалемшесі арқылы көбеюі.

№19. Ірі жапырақты гүлдерді күту бойынша агротехникалық шаралар.

№20. Бөлмеде өсетін улы өсімдіктерді анықтау.

№21. Кактустарды және суккуленттерді қайта отырғызу.

№22. Кактустарды және суккуленттерді күту.

№23. Бегонияны қалемшелеу.

№24. Кабинеттегі гүлдерді күту бойынша агротехникалық шаралар.

№25. Гортензия қалемшелерін қайта отырғызу.

№2 экскурсия. Экзотикалық аралшық.

6. Жылыжайдағы бөлме өсімдіктерді күту (60 сағат).

Өсімдіктерді қию тәсілдері. Бөлме өсімдіктерінің ұштарындағы бүршіктерді алып тастау және қию. Өсімдіктердің ұштарындағы бүршіктерді алып тастауды, қиюды өткізу. Өсімдіктерді асып байлау. Өсімдіктерді қалыпқа келтіру. Бөлме өсімдіктерімен жасалатын тәжірибелік және зерттеу жұмыстарының негізгі сатылары.

Тәжірибелік сабақтар:

№26. Көктемде өсімдіктерді күту бойынша агротехникалық шаралар.

№27. Көктемде өсімдіктерді қайта отырғызу және топырақпен бірге қайта отырғызу.

№28. Бөлмеде өсетін гүлдерді күту (топырақ қосу, суару).

№29. Бөлме өсімдіктерін қайта отырғызу.

№30. Жылыжайдағы ағаш және бұталы өсімдіктерді қию.

№31. Жылыжайдағы өсімдіктерді қию және қалыпқа келтіру.

№32. Жылыжайда өсімдіктерді асып байлау, сүйеу.

№33. Гүлдейтін өсімдіктердің экологиялық мониторингін өткізу.

№34. Жылыжайда өсірілетін бөлме өсімдіктерінің энциклопедиясын құрастыру.

№35. Өсімдіктерді зиянкестерден және аурулардан қорғау (биологиялық өңдеу).

№36. Пеларгонияны ашық топыраққа қайта отырғызу.

№37. Колеустерді ашық топыраққа қайта отырғызу.

№38. Кактустарды және суккуленттерді ашық топыраққа отырғызу.

№39. Жалбызды, зиягүлді ашық топыраққа қайта отырғызу.

7. Қорытынды сабақ (3 сағат)

Тәжірибелік сабақ

№40. Бөлме өсімдіктері (мини-конференция).

Оқу-тақырыптық жоспар

Үшінші оқу жылы

№	Тақырыптың аталуы	Жалпы сағаттар	Сағаттар саны	
			Теория	Тәжірибе
1.	Кіріспе	4	4	
2.	Күздегі жылыжайдағы агротехника	48	8	40
3.	Бөлме өсімдіктеріне арналған топырақ	28	8	20
4.	Гүл композициялары	32	8	24

5.	Ғылыми зерттеуді жүргізу жұмысы	28	16	12
6.	Зерттеудің негізгі бөлімімен жұмыс	48	28	20
7.	Ғылыми жұмысты рәсімдеу	28	20	8
8.	Жылыжайдағы көктем кезеңіндегі агротехникалық жұмыстар	68	12	56
	Қорытынды сабақ	4	-	4
	Барлығы	288	102	186

Бағдарлама мазмұны

1. Кіріспе (4 сағат). Өсімдіктердің экологиялық топтары.

№1 экскурсия. Бөлме өсімдіктерінің топтары.

2. Күздегі жылыжайдағы агротехника (48 сағат). Гүлді өсімдіктердің алуан түрлілігі. Жылыжайдағы күзгі жұмыстар.

Тәжірибе сабақтары

№1. Жылыжайдағы күзгі агротехникалық шаралар (құрғақ жапырақтар, қылқандар, өзен құмын, тастар дайындау).

№2. Өсімдіктерді қыстауға дайындау.

№3. Стеллаждарда топырақты дайындау.

№4. Өсімдіктерді: қазтамақтарды, колеустерді, гортензияларды стеллажға тасымалдау.

№5. Жылыжайдағы ағаш және бұталы өсімдіктерді қию.

№6. Бөлмеде өсетін гүлдерді күту: су бүрку, қураған және зақымданған органдарды алып тастау.

№7. Гүлдерді сыртқы түрлері бойынша топтарға бөлу.

№8. Өсімдіктерді үй-жайда дұрыс орналастыру.

№9. Сәндік жапырақты гүлдерді күту бойынша агротехникалық әдістер.

№10. Әдемі гүлдейтін гүлдерді күту бойынша агротехникалық әдістер.

3. Бөлме өсімдіктеріне арналған топырақ (28 сағат).

Топырақтар. Топырақ түрлері. Топырақ құрамын зерттеу.

Тәжірибелік сабақтар:

№11. Стеллаждардағы және құмыралардағы топырақты қопсыту.

№12. Топырақ кесегінің жағдайына байланысты өсімдіктерді суару.

№13. Сәндік-жапырақты өсімдіктерді күтудің агротехникалық ережелері (гүлдерді биологиялық қоректендіру).

№14. Бөлмеде өсетін гүлдер үшін қоспалар дайындау.

№15. Гүл өсіретін қыш құмырадағы топырақтың жоғарғы қабатын ауыстыру.

4. Гүл композициялары (32 сағат). Бөлме өсімдіктерінен шығармашылық композицияларды құрастыру. Гүл композицияларын құрастыру қағидалары.

Тәжірибелік сабақтар

№16. Гүл композициялары үшін ыдыс дайындау.

№17. Гүл композицияларын құрастыру.

№18. Кактустардан және суккуленттерден композициялар құрастыру.

№19. Себеттегі бөлме өсімдіктері.

№20. Кабинетті бөлмеде өсетін гүлдермен безендіру.

№21. Демалыс орындарын сәндік гүлдермен безендіру.

5. Ғылыми зерттеулер жүргізу (28 сағат). Оқушы жобаларын қорғауға дайындау (жеңімпаздар мысалында). Жоба жұмыстарын ресімдеуге қойылатын талаптар. Тақырып таңдау және оның өзектілігін дәлелдеу. Жобаның мақсаттары мен тапсырмалары. Жұмыс құрылымы мен жоспары.

Тәжірибе сабақтары

№22. Зерттеу тақырыбын анықтау.

№23. Жобаның мақсатын, гипотезасын анықтау.

№24. Ғылыми жұмыстар үшін өсімдіктерді зерттеу.

6. Зерттеудің негізгі бөлімімен жұмыс (48 сағат). Жеке жұмыс жоспарын құрастыру. Бірінші ақпаратты жинау, оны ұйымдастыру. Тәжірибе күнделігін толтыру. Гипотеза, жұмыс сатылары. Нәтижелер. Тәжірибені бастау жұмысының ережелері. Кестелерді, графикалық сызба-нұсқаларды, суреттерді, фотографияларды (екі сабақта қарастырады) рәсімдеу және құрастыру. Компьютерлік тұсаукесерді дайындау жұмысы.

Тәжірибе сабақтары

№25. Тәжірибені бастау үшін орынды дайындау.

№26. Стратификация және тұқымдарды сулау.

№27. Жылыжайда тәжірибені бастау.

№28. Тәжірибені бақылау.

№29. Зерттеу жобасының тұсаукесерін ресімдеу.

7. Ғылыми жұмысты ресімдеу (28 сағат). Ғылыми жұмыс композициясы. Көздер мен әдебиеттерді талдау. Эксперимент мәліметтерін талдау, нәтижелерді өңдеу. Жұмыс құрылымы.

Тәжірибе сабақтары.

№30. Тәжірибе нәтижелерін талдау.

№31. Автор баяндамасын құрастыру (зерттеу жұмысын алдын ала қорғау).

8. Жылыжайдағы көктемдегі агротехникалық жұмыстар (68 сағат). Бөлме өсімдіктерін қию, ұштарындағы бүршіктерін алып тастау, қалыпқа келтіру. Бөлме өсімдіктерін зиянкестерден қорғау бойынша

алдын алу шаралары. Көшеттерді топыраққа отырғызудың биологиялық дәлелдемесі және агротехникалық ережелері.

Тәжірибе сабақтары.

№32. Жылыжайда жақсы өсетін және гүлдейтін өсімдіктерді коректендіру.

№33. Өсімдіктерді қыш құмыраларға отырғызу.

№34. Бөлме өсімдіктерін қию және ұштық бүршіктерін алып тастау.

№35. Бөлме өсімдіктерінің вегетативті көбеюі.

№36. Құмыраларға арналған топырақ қоспаларын дайындау.

№37. Бөлмеде өсетін гүлдерді отырғызу.

№38. Өсімдіктерді биологиялық тәсілмен өңдеу

№39. Гүл тұқымдарын отырғызу.

№40. Гортензияны және қазтамақты ашық топыраққа отырғызу үшін топырақты дайындау.

№41. Гортензияны және қазтамақты ашық топыраққа отырғызу.

№42. Кактустар мен суккуленттерді ашық топыраққа отырғызу үшін топырақты дайындау.

№43. Ашық топырақ теліміндегі кактустардан және суккуленттерден жасалған альпілік төбешік.

№44. Топырақты зоркиік пен аққанатты отырғызу үшін дайындау.

№45. Канна мен аққанатты ашық топыраққа қайта отырғызу.

9. Қорытынды сабақ (4 сағат). Бүкіл оқу жылының, сондай-ақ оқудың 3 жылының қорытындылары шығарылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қорғау.

Клубтың ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысы.

Келесі іс-шараларды жоспарлау және өткізу:

Бөлме өсімдіктерінің топтамасын қалыптастыру.

- бөлме өсімдіктерінің альбомын рәсімдеу,

- бөлме өсімдіктерінің төлқұжаттарын жасау,

- бөлме өсімдіктері тақырыптары бойынша рефераттық

зерттемелер,

- іздеу – тарихи зерттемелер;

- тәжірибелік және зерттеу жұмыстары.

5. «Экологиялық-биологиялық кешен» білім беру бағдарламасы

Жукова Н.Я., «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК қосымша білім беру педагогы, Павлодар қ.

Түсіндірме жазба

Бағбаншылық адам қызметінің саласы ретінде өте көне заманда пайда болды, оның әдістері, мысалы, жеміс өсімдіктерін ұластыру тәсілдері бірнеше ғасыр бұрын пайда болғанымен, белгілі жетілу жолын өтіп қазіргі кезде де қолданылады. Бағбаншылықтың ерекшеліктерінің біреуі – эстетикалық ләззат алу мақсатымен өсімдіктерді өсіру болып табылады. Өсімдік әлемін, жеміс өсімдіктерін зерттей отырып, табиғат заңдарын түсіне отырып балалар тек қана білім алмайды, сондай-ақ өздерінде табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін және ұқыпты қарау сезімін тәрбиелейді. Өсімдікпен қатынасу нәтижесінде қоршаған табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімі және шынайы құрмет сезімі жеңілірек және жылдамырақ дамиды.

Бағдарлама мақсаты: жеміс-жидек дақылдарын өсірудегі тәжірибелік икемдер мен дағдылардың негізінде экологиялық білім және мәдениетті қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері

Білім беру:

жеміс-жидек дақылдарын өсірудегі тәжірибелік икемдер мен дағдыларды, білімдер жүйесін қалыптастыру;

жеміс-жидек дақылдарының жіктелуін, өсіру агротехникасын және биологиялық ерекшеліктерін зерттеу;

оқушыларда ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын қалыптастыру.

Дамыту:

Оқушыларда жалпы және негізгі құзыреттерді дамыту;

Оқушыларда шығармашылық қабілеттіктердің дамуы үшін жағдай жасау.

Тәрбиелік:

табиғатқа деген жағымды қатынасты, табиғатты оңтайлы пайдаланудың қажеттілігін түсінуді тәрбиелейді;

адамгершілік қасиеттерін және эстетикалық сезімдерді тәрбиелейді;

балаларда еңбек мәдениетін тәрбиелейді.

Бағдарламаның мазмұны белгілі тақырыптық табиғаттану және ботаника негіздері туралы негізі бар оқушыларға бағытталған және орта буын оқушыларымен жұмыс жасауды болжайды (5-8 сыныптар).

Бірінші және екінші жылдағы оқу бағдарламасы бақта өсетін өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін, оларды өсірудің агротехникалық тәсілдерін зерттеуді қамтиды.

Үшінші жылдағы оқу бағдарламасы бұрын алынған мәліметтерді берігірек игеруге, ғылыми-зерттеу жұмысы дағдыларын игеруге,

шығармашылық қабілеттерді дамытуға, зерттеу жұмысы арқылы инновациялық ойлауды қалыптастыруға мақсатталған.

Бірінші жылдың оқу бағдарламасы 144 сағатқа есептелген, екінші жылдың оқу бағдарламасы – 216 сағатқа, үшіншінікі – 288 сағатқа есептелген.

Оқытудың нәтижелілігін бағалау келесі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін:

сауал-сұрақ жүргізу, тестілеу, бақылау жолдарымен ағымдағы көрсеткіштерді қадағалау (танымдық мүдделердің артуы, әңгіме, пікірталас барасындағы оқушылардың белсенділігі, жұмыстағы дербестік деңгейі);

қорытынды көрсеткіштерді есепке алу (жарыстар мен конференцияларға қатысу, баяндамалар мен рефераттарды дайындау, тәжірибелік жұмыстарды дайындау және орындау).

Тақырыптық жоспар Бірінші оқу жылы

№	Сабақ тақырыптары	Сағат саны	Теория	Тәжірибе	Экскурсиялар
1.	Кіріспе	2	1	-	1
2.	Бірегей планета	40	13	21	6
3.	Өсімдіктер әлемі	28	7	16	5
4.	Жасыл үй	74	14	56	4
5.	Барлығы	144	35	93	16

Толық тақырыптық жоспар

1. Кіріспе (2 с). Ұйымдастыру сабағы. Клуб жұмысының мақсаты, тапсырмалары және бағдарламасы.

№1 экскурсия. Экология және туризм орталығымен және экологиялық-ботаникалық кешенмен танысу.

2. Бірегей планета (40 с). Экология – тіршілік ортасы туралы ғылым. Экологиялық факторларды жіктеу. Биотикалық факторлар (бәсекелестік, жыртқыштық, паразитизм, симбиоз, нейтрализм). Абиотикалық факторлар (жарық, температура, су, ауа, жел). Топырақтың экологиялық рөлі. Антропогенді факторлар (адамның табиғатпен байланысы). Топтар және экожүйелер. Табиғи және жасанды экожүйелер. Бақ және гүлбақша – қолмен жасалған жасанды

экожүйенің мысалдары ретінде. Экожүйелер динамикасы. «Экожүйелер» бейнефильмін көрсету.

№2 экскурсия. Экологиялық факторлар.

№3 экскурсия. Табиғи экожүйелер.

№4 экскурсия. Жасанды экожүйелер.

Тәжірибелік сабақ №1. Табиғи материалды жинау.

Тәжірибелік жұмыс №2. Бақтағы күзде жасалатын агротехникалық шаралар.

Тәжірибелік жұмыс №3. Орайоттарды жинау.

«Бірегей планета» бөлімі бойынша қорытынды сабақ. Биологиялық сағат.

3. Өсімдіктер әлемі (28 с). Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктер өміріндегі маусымдық құбылыстар. Өсімдіктерді қысқа дайындау. Табиғи құбылыстарды бақылау. Өсімдіктердің алуан түрлілігі. Өсімдіктер өміріндегі таңғажайып заттар. Дәрілік өсімдіктер. Сәндік өсімдіктер. Алғашқы көгалдандырушылар. Бөлме өсімдіктері. «Ертегілер мен аңыздардағы өсімдіктер» кішігірім спектаклін қою.

№5 экскурсия. Өсімдіктер өміріндегі күзгі құбылыстар.

№6 экскурсия. Өсімдіктерді қысқа дайындау.

№7 экскурсия. Табиғи құбылыстарды бақылау, халық ырымдарымен байланыс.

Тәжірибелік сабақ №4. Фенологиялық бақылауларды жүргізу.

Тәжірибелік сабақ №5. «Өсімдіктер өміріндегі таңғажайып заттар» суреттер жарысы.

Тәжірибелік сабақ №6. «Павлодар облысының дәрілік өсімдіктері» тұсаукесерін құрастыру.

«Өсімдік әлемінің алуан түрлілігі» қорытынды сабағы. Викторина.

4. Жасыл үй (74 с). Өсімдіктердің морфологиялық құрылысы. Ағаш өсімдіктерінің биологиялық сипаттамасы. Сәндік және жеміс ағаштары. Жеміс ағашының негізгі бөлімдері. Бұтақтың анатомиялық құрылысы. Ағашты сыртқы белгілері бойынша бағалау. Жеміс мәдениеттерінің жас кезеңдері. Бүршіктердің ашылуы және өркен беру қабілеті. Жеміс берудің мерзімділігі. Бұталардың биологиялық сипаттамасы. Бұтаның құрылысы, ағаштан айырмашылығы. Сәндік және жеміс бұталары, олардың айырмашылықтары. Шөптекті өсімдіктердің биологиялық сипаттамасы. Сәндік және жидекті шөптекті өсімдіктер, олардың айырмашылықтары.

Тәжірибелік сабақ №7. Сәндік-шөптекті, жеміс-жидек, ағаш-бұта өсімдіктерін анықтау (әдебиетпен жұмыс).

Тәжірибелік сабақ №8. Гербариймен жұмыс.

Тәжірибелік сабақ №9. Экологиялық-ботаникалық кешеннің жеміс-жидекті мәдениеттерінің картотекасын құрастыру.

Тәжірибелік сабақ №10. Экологиялық-ботаникалық кешеннің сәндік-шөптекті өсімдіктерінің картотекасын құрастыру.

Тәжірибелік сабақ №11. Экологиялық-ботаникалық кешеннің ағаш-бұталы өсімдіктерінің картотекасын құрастыру.

Тәжірибелік сабақ №12. Экологиялық-ботаникалық кешеннің аумағындағы көктемгі жұмыстардың түрлері.

Тәжірибелік жұмыс №13. Жеміс ағаштарының және жеміс беретін бұталы өсімдіктердің қыстан кейінгі сақталуын бағалау.

Тәжірибелік жұмыс №14. Қысқы суықтардан кейін жидекті шөптекті өсімдіктердің сақталуын бағалау.

Тәжірибелік жұмыс №15. Жеміс өсімдіктерінің зақымданған бұтақтарын қию.

Тәжірибелік жұмыс №16. ЭБК ағаш-бұталы өсімдіктердің діндерінің айналасындағы шеңберді тазарту.

Тәжірибелік жұмыс №17. Дің айналасындағы шеңберді қалыптастыру.

Тәжірибелік жұмыс №18. Гүлді-сәндік өсімдіктерді отырғызу үшін топырақты дайындау.

Тәжірибелік жұмыс №19. Гүлді-сәндік өсімдіктерді отырғызу үшін жүйектерді қалыптастыру.

Тәжірибелік жұмыс №20. Тұқымдарды отырғызу және гүлді-сәндік өсімдіктердің көшеттерін отырғызу.

Тәжірибелік жұмыс №21. Өсімдіктерді жазда бақылаудың мониторингін құрастыру (жазғы демалысқа тапсырма).

Тәжірибелік жұмыс №22. Фенологиялық бақылауларды жүргізу.

Экскурсия №8. Өсімдіктер өміріндегі қыс.

Экскурсия №9. Табиғаттың көктемде оянуы.

«Ересектердің және балалардың қолдарымен жасалған жасыл планета» қорытынды сабағы. Акция.

Тақырыптық жоспар

Екінші оқу жылы

№	Сабақтардың тақырыптары	Сағаттар саны	Теория	Тәжірибе	Экскурсиялар
1.	Кіріспе	6	2	4	
2.	Гүл өсіру	51	8	41	2
3.	Топырақ және оның құнарлылығы	18	4	14	
4.	Бағбаншылық	90	14	73	3

5.	Дендрология	51	13	35	3
6.	Барлығы	216	41	167	8

Толық тақырыптық жоспар

Кіріспе (6 с.). Гүлді-сәндік, жеміс, жидекті, ағаш-бұталы өсімдіктердің ерекше өзгешеліктері. Ғылыми зерттеулердің негіздері. Зерттеу тақырыбын таңдау.

Тәжірибелік сабақ №1. «Гүлді-сәндік, жеміс, жидекті, ағаш-бұталы мәдениеттердің ерекше өзгешеліктері» кестесін құрастыру.

Тәжірибелік сабақ №2. Тақырыптарды таңдау, зерттеулер мен бақылаулардың жеке бағдарламаларын құрастыру.

Гүл өсірушілік (51 с). Гүлдер – жердің тірі сұлулығы. Сәндік өсімдіктер туралы алғашқы мәліметтер. Өте көне заманда гүлдерді безендіру үшін пайдалану. Маңызды географиялық ашылулар дәуіріндегі гүлдердің саяхаты. Гүлдер туралы ертегілер және аңыздар. Ботаникалық бақтар және дәріхана бақшалары. Туған өлкедегі гүл өсірушіліктің және өсімдік шаруашылығының дамуы. Жергілікті гүл өсірушілер. Гүлді-сәндік өсімдіктерді жіктеу. Гүлді-сәндік өсімдіктердің экологиясы. Жабайы өсетін гүлді өсімдіктердің түрлік құрамымен танысу. Гүлді-сәндік өсімдіктердің көбею тәсілдері. Өсімдіктерді күту ережелері. Гүл композицияларын безендіру. Гүлдерді үйлестіру ережелері және іріктеп алу.

№1 экскурсия. Гүлді-сәндік өсімдіктердің түрлік құрамымен танысу.

№2 экскурсия. Күзгі табиғат.

Тәжірибелік жұмыс №3. Фенологиялық бақылауларды жүргізу.

Тәжірибелік жұмыс №4. Гүлді-сәндік мәдениеттердің тұқымдарын жинау.

Тәжірибелік жұмыс №5. Гүлді-сәндік мәдениеттердің тұқымдарын өңдеу.

Тәжірибелік жұмыс №6. Гүлді-сәндік мәдениеттерді анықтау.

Тәжірибелік жұмыс №7. Гүлді-сәндік мәдениеттерді қалемшелеп жалғау.

Тәжірибелік жұмыс №8. Түйнекті гүлді-сәндік мәдениеттерді сақтауға дайындау.

Тәжірибелік жұмыс №9. Өсімдік материалын кептіру ережелері.

Тәжірибелік жұмыс №10. Гүлдерді үйлестіру және іріктеп алу ережелері.

Тәжірибелік жұмыс №11. Гүл композицияларын безендіру.

«Барлығы гүлдер туралы» қорытынды сабағы. Композициялар құрастыру.

Топырақ және оның құнарлылығы (18 с.) Топырақ пен құнарлылық туралы ұғым. Топырақтардың түрлері, олардың қалыптасуы және дамуы. Топырақ-өсімдік-атмосфера жүйесіндегі физикалық процесстер. Мәдениеттердің әр түрлі түрлерінің топырақ құнарлылығына деген талаптары. Тыңайтудың бейдәстүрлі әдістерінің (тас, қоңыр көмір) өнімділікке әсері.

Тәжірибелік сабақ №12. Топырақ тілмесін және топырақ қабатын зерттеу.

Тәжірибелік жұмыс №13. Топырақтың механикалық құрамын, оның ылғал сыйымдылығын анықтау.

Тәжірибелік жұмыс №14. Топырақ қышқылдығын анықтау.

Тәжірибелік жұмыс №15. Әр түрлі мәдениеттердің топырақ түрлеріне сәйкестігі кестесін құрастыру.

«Өсімдік және топырақ» қорытынды сабағы. Биологиялық сағат.

Бағбаншылық (90 с.). Бақ – қолдан жасалған экожүйе ретінде. Павлодардағы бағбаншылықтың даму тарихы. Жеміс-жидекті мәдениеттердің адамның тамақтануындағы маңызы. Дәнекті мәдениеттерді өсірудің агротехникасы және биологиялық ерекшеліктері. Сұрыптық алуан түрлілік. Сүйекті мәдениеттерді өсірудің агротехникасы және биологиялық ерекшеліктері. Сүйекті мәдениеттердің түрлік, сұрыптық алуан түрлілігі. Жидекті мәдениеттердің көптүрлілігі және емдік қасиеттері. Жидекті мәдениеттердің түрлік және сұрыптық алуан түрлілігі. Жидекті мәдениеттерді өсіру агротехникасы. Қатпарлы бақ туралы түсінік. Оны өсіру ерекшеліктері. Қатпарлы тастың сұрыптық құрамы. Жемістерді сақтау және қайта өңдеу тәсілдері. Аз таралған жеміс мәдениеттері. Аз таралған жеміс мәдениеттерін күтудің және өсірудің агротехникалық әдістері.

№2 экскурсия. Қыстағы ағаштар мен бұталар.

Тәжірибелік жұмыс №16. Жемісті мәдениеттердің адамның тамақтануындағы маңызы туралы тұсаукесерді құрастыру.

Тәжірибелік жұмыс № 17. Жидекті өсімдіктердің емдік қасиеттері туралы тұсаукесерді құрастыру.

Тәжірибелік жұмыс №18. Баққа құстарды тарту үшін астауларды жасау және ілу.

Тәжірибелік жұмыс №19. Бақтағы қысқы жұмыстар. Дің айналасындағы шеңберлердегі қарды басқылау.

Тәжірибелік жұмыс №20. «ЭБК дәнекті мәдениеттерінің сұрыптарының алуан түрлілігі» жарнамалық файлын құрастыру.

Тәжірибелік жұмыс №21. «ЭБК сүйекті мәдениеттерінің сұрыптарының алуан түрлілігі» жарнамалық файлын құрастыру.

Тәжірибелік жұмыс №22. «ЭБК жидекті мәдениеттерінің сұрыптарының алуан түрлілігі» жарнамалық файлын құрастыру.

Тәжірибелік жұмыс №23. «Жидекті мәдениеттердің ерекше өзгешеліктері» кестелерін құрастыру.

Тәжірибелік жұмыс №24. Танымдық ойын «Бақ әліппесі».

Тәжірибелік жұмыс №25. Түрлі мәдениеттерді өсіру бойынша агротехникалық шараларды зерттеу.

Қорытынды сабақ - «Бақ және біз» КТК.

Дендрология (51 с). Сәндік ағаш түрлері. Жіктеу. Жерсіндіру. Жергілікті сәндік бұталар. Сәндік, ағаш-бұталы өсімдіктердің көбею тәсілдері.

№3 экскурсия. Көктемде табиғаттың оянуы.

Тәжірибелік жұмыс №26. Сәндік ағаш-бұталы өсімдіктердің көбею тәсілдері.

Тәжірибелік жұмыс №27. Көктемгі агротехникалық шаралар.

Тәжірибелік жұмыс №28. Сәндік ағаш-бұталы өсімдіктерді көгалдандыруда пайдалану бойынша жобаларды құрастыру.

Қорытынды сабақ. Зияткерлік-танымдық ойын «Бақ өмірінің бір күні».

6. «Фенологиялық бақылауды ұйымдастыру арқылы экологиялық құзыреттерді қалыптастыру» білім беру бағдарламасы

Губарь Н.Н., «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК қосымша білім беру педагогы, Павлодар қ.

*«Бақылау – табиғатты танып білудегі міндетті буын».
Б.В. Всесвятский*

Түсіндірме жазба

Соңғы уақытта халықтың шығармашылық мұрасын зерттеуге, оның өмірдің әр түрлі салаларындағы ғасырлық тәжірибесін игеруге көбірек назар аударылуда. Осы қатарда ерекше орын «халық экологиясына», табиғатпен қатынас барысында жиналған кең білімдерге, тиесілі.

Фенология «халық экологиясының» бөлімдерінің біреуі болып табылады – жанды және жансыз табиғаттың маусымдық дамуын бақылаулардың және олар туралы білімнің кешені. Фенологиялық бақылаулар ғасырлар бойы аңшының, балықшының, малшының кәсіби даналығында өзгере отырып жүргізілді. Осы саладағы халық білімі орасан кең және көптеген мақалдарда, мәтелдерде, ырымдарда және т.б. көрініс тапты.

Оқушыларда экологиялық құзыреттерді қалыптастыру фенологиялық бақылауларсыз мүмкін емес. Фенологиялық бақылаулар

жаратылыстану-ғылыми цикл сабақтарындағы жұмыстардың ғана емес, сондай-ақ сабақтан тыс, мектептен тыс қызметтердің де негізгі бағыты болу керек. Негізгі мақсат – оқушыларда фенолог, метеоролог, эколог мамандарының кәсіп алуға дейінгі дағдыларын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

Фенологиялық бақылаулар келесіге мүмкіндік береді:

1. Туған өлке табиғаты туралы білімдерді кеңейтуге және тереңдетуге;
2. Табиғаттың дамуындағы заңдылықтарды ашуды үйренуге;
3. Экологиялық білімге жағдай жасауға;
4. Табиғатқа деген сүйіспеншілікті және оған ұқыпты қарауды тәрбиелеуге;
5. Бақылағыштықты, білуге құмарлықты, табиғатты зерттеуге деген қызығушылықты дамытуға.

Оқушылардың фенологиялық бақылаулары оқу-тәжірибе теліміндегі жұмыспен тығыз байланысты. Табиғаттың жанды және жансыз объектілерінің маусымдық дамуын бірнеше жылдың барысында бақылау туған өлкенің, қаланың табиғатының табиғи күнтізбесін құрастыруға мүмкіндік береді. Көпжылғы фенологиялық бақылаулардың мәліметтерінің негізінде мектеп оқушысы өсімдіктердің дамуының сәйкестенуі туралы, олардың қоршаған орта жағдайларына реакциясы туралы түсініктер алады, даму қарқынын және маусымдық жұмыстарды жүргізу мерзімдерін анықтайтын себептерді анықтайды. Фенологиялық бақылаулардың мәліметтеріне ие бола отырып, оқушылар қандай да бір құбылыстың басталу мерзімін және олармен байланысты жұмыстардың, мысалы, зиянкестермен және аурулармен күресу, бақты күту, дәрілік өсімдіктерді жинау және т.б., мерзімін есептеуді үйренеді. Фенологиялық бақылаулар оқытушыларға оқушылардың сабақтарда, дәрістерде алған білімдерін нақтылау және бекіту үшін құнды материалдар береді. Бірақ, фенологиялық жұмыс тек қана оқытушы оқушылардың бақылауларын және нәтижелерін үнемі басқарғанда, оларға өзі тікелей қатысқанда нәтижелі және пайдалы болады.

Фенологиялық бақылауларды ұйымдастыру

Ғылыми маңызы бар фенологиялық бақылауларды ұйымдастыру тұрақты әрекет ететін фенологиялық үйірмені құруды талап етеді. Оның жұмысына 5-ші сыныптан бастап оқушыларды жұмылдыру ұсынылады. Оқушыларды бақылаудың мақсаттарымен және тапсырмаларымен, бақылау объектілерімен, жеке фазалардың басталу белгілерімен, таңдалған объектілердің әр тобы бойынша бақылаудың бағытымен, негізгі түсініктермен және фенология терминдерімен таныстырған дұрыс.

Фенологиялық үйірме жұмысының негізгі бөлімі – оның барлық мүшелерінің (жетекшіні қоса алғанда) тұрақты бақылауларды жүргізулері және алынған мәліметтерді табиғат күнтізбелері, кестелер, суреттер және т.б. түрінде рәсімдеу. Ең жақсы нәтижелер үйірмеде жеке бағдарламалар бойынша объектілердің белгілі топтарын бақылайтын топтар қалыптастырылған жағдайда алынады:

гидрометеорологиялық құбылыстарды бақылау: ауа-райын, метеорологиялық құбылыстарды; гидрологиялық құбылыстарды; табиғаттың қауіпті құбылыстарын;

жануарлар әлемінің өкілдерін бақылау: жәндіктерді, қосмекенділерді, құстарды, сүтқоректілерді;

өсімдік әлемінің өкілдерін бақылау: қылқанды және жапырақты ағаштарда, бұталарды және шөптесін өсімдіктерді.

Фенологиялық бақылауларды ұйымдастыру әдетте *бақылау телімін және маршруттарды таңдаудан* басталады. Бақылауға арналған телім келесі талаптарға жауап беру керек:

1) көп жылдардың барысында бару қолайлығы, яғни осы телім және оған бару маршруты бақылаушыға (мектептен үйге баратын жолда) жақын жерде орналасу керек және оған бару көп күш пен уақытты жұмсаумен байланысты болмау керек;

2) осы аймақ үшін телімнің типтілігі, яғни тұрақты бақылау орындары рельефі және өсімдіктері бойынша қоршаған аймақтан қатты ерекшеленбеу керек;

3) телімдегі ағаштекті өсімдіктер бір данадан емес, айтарлықтай үлкен топтардан (5-10 дана) тұру керек. Қалыпты дамып жатқан орташа жастағы ағаштар мен бұталар топтарына артықшылық беру керек;

4) шөптекті өсімдіктер де даналардың айтарлықтай үлкен санымен көрсетілу керек.

Қалаларда әдетте мектеп жанындағы телімдер, бақтар, саябақтар, жақсы көгалдандырылған көшелер бақылау орындары болады. Қалалардағы ауа-райының ауылдық жерлердегі ауа-райынан біраз айырмашылықтары бар екенін назарда ұстау керек, бұл жағдай осында кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың даму фазаларының өту мерзімдеріне әсер етеді.

Бақылау телімдері және маршруттары таңдалып болғаннан кейін, оларды *толық жете сипаттау* керек. Бақылау орындарының нақты сипаттамасы болмаса, әр түрлі бақылаушылардан алынатын фенологиялық ақпаратты салыстыру және талдау қиын болады. Сипаттаманы негізгі өсімдік объектілерінің орналасқан жерлері белгіленген сызба-нұсқалық картамен толықтырған дұрыс. Бұл басқа тұлға жалғастыратын бақылаулардың сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Бақылау үшін орындарды таңдағасын *бақылау объектілерін таңдауға* көшеді. Табиғаттың маусымдық дамуы және оның

зандылықтары туралы түсінік оның жеке компоненттерінің даму ретін бақылаудан қалыптасады. Олар қаншалықты көп болса, табиғат кешенінің маусымдық дамуының суреті соншалықты терең және толық болады. Бірақ, шексіз көп табиғат объектілерін бақылаумен қамту іс жүзінде мүмкін емес болғандықтан, нақты мүмкіндіктерге сәйкес олардың салыстырмалы түрде шағын бөлігін таңдап алу керек. Жалпы фенологиялық бақылаулардың бағдарламаларына қосылатын объектілер мен құбылыстарды таңдауға белгілі бір талаптар қойылады:

1) бақылау объектілері көп таралған болу керек, бұл үлкен аумақтарда біртүрлі бақылауларды алу қажеттілігімен мәжбүр етіледі;

2) бақылау объектілері жақсы белгілі және қатесіз танылатын болу керек;

3) белгіленетін құбылыстар жылдың жеке маусымдары үшін айрықша тән құбылыстарға жату керек.

Бір түрге жататын кемінде 10 ағашты немесе бұтаны бақылау керек. Таңдалған даналарды алыстан жақсы көрінетін жуылмайтын заттаңбалармен белгілеу керек. Шөптекті өсімдіктерді бақылау үшін мөлшері 5x5 м болатын шекаралары анық белгіленген тұрақты алаңды белгілеген жеткілікті. Сонымен қатар жануарлардың белгілі түрлерін кездестіруге болатын орындар да таңдалу керек – ағаштар мен бұталар бар телімдер құстарды бақылау үшін, жәндіктерді бақылау үшін көгалдар, су қоймалары.

Бақылау маршрутын және телімдерін таңдағаннан кейін заттаңбалары бар өсімдіктерді қоса алғандағы сізді қызықтыратын барлық объектілердің орналасуын белгілей отырып, *картасызбанұсқаны құрастыру* керек. Құрастырылған телім сызбанұсқасы кейінгі бақылаулар үшін нұсқаулық болады.

Бақылаулардың жүйелілігі – сенімді фенологиялық мәліметтерді алудың маңызды шарты. Бақылаулардың ғылыми және тәжірибелік құндылығы маусымдық құбылыстардың басталу күндері қаншалықты нақты анықталғандарына тәуелді. Бұл бақылаулар қаншалықты жиі жүргізілсе, құбылыстың басталу күнін анықтауда қате болудың ықтималдығы соншалықты аз болатынын білдіреді. Ең нақты нәтижелерді күнделікті бақылаулар береді. Бірақ ол әрқашан мүмкін болмайды. Жылдың әр түрлі уақытында маусымдық даму қарқыны бірдей емес. Көктемгі кезеңде құбылыстар жылдам алмасады, сондықтан көктемде бақылауларды күнде жүргізу керек. Жазда айтарлықтай үлкен үзілістерге жол беріледі, ал жаздың соңында және күзде, жемістердің және тұқымдардың пісу кезеңінде немесе құстардың ұшып кету кезеңінде бақылауларды жиірек жүргізу қажеттілігі туындайды.

Қысқы кезеңде бақылауды 10 күнде 1 рет жүргізуге болады. Мүмкін болғандай, бақылау жүргізілетін тәулік уақыты да тұрақты

болу керек. Оларды таңертеңгі сағаттарда жүргізу ұсынылады, өйткені осы кезде өсімдіктердің көбі гүлдейді және құстардың ең белсенді уақыты. Бірақ осы жерде қатаң регламент жоқ.

Фенологиялық бақылауларды тіркеу ережелері жалпы алғанда мәліметтерді бұдан әрі қолданғанда қиындықтар туындамау үшін жылдар бойынша жақсы сәйкестендірілетін және анық рәсімделген қатесіз фенологиялық мәліметтерді жинауды қамтамасыз ету керек. Фенологиялық бақылауларды тіркеу барысында келесі ережелерді сақтау керек:

1. Жазбаларды қойын дәптерге жай қарандашпен енгізу қажет. Қаламсаппен немесе гельді қаламсаппен жазуға рұқсат берілмейді, өйткені дәптер су болған жағдайда, мәтін жоғалады. Жазбаларды жеке парақтарда жүргізген ұсынылмайды, өйткені оларды жоғалту жеңіл.

2. Бақылауларды тіркеу оларды бақылау барысында – «далада» жасалуы керек. Жазбаларды кейінге қалдырғанда, еске сенгенде әрқашан бірдемені ұмытып кету немесе қателесу тәуекеліне барасыз.

3. Күнделіктегі жазбалардың нысаны оқытушының білгені бойынша таңдалады, осы жағдайда бір таңдалған нысан жылдан жылға жүйелі түрде пайдаланылғаны маңызды.

4. Күнделікте әрбір бару бойынша бақылау күні мен уақытынан кейін төмендегіні белгілеу керек:

Ауа-райы жағдайы және жансыз табиғаттағы құбылыстар;

Өсімдік және жануарлар әлеміндегі өзгерістер (құбылыстар).

5. Күнделікке тек қана қажет мәліметтерді емес, сондай-ақ өздеріне назар аудартқан басқа құбылыстар туралы мәліметтерді де енгізген дұрыс.

6. жазбалар қазіргі жад ойынша ғана емес, көп жылдар өткеннен кейін де оларды оңай оқуға және түсінуге болатындай мүмкіндігінше толық, қажет түсіндірмелермен жазылу керек.

Оқушыларға сурет салуға арналған альбом немесе қарапайым дәптер түріндегі табиғат күнтізбесін бастау ұсынылады. Бірінші беттерде бақылау орны туралы қысқаша мәліметтер жазылады: орналасқан жері, рельеф, топырақ сипаты, өсімдік және жануарлар әлемінің жалпы сипаттамасы. Осы жерге маршруттың картасынсызбанұсқасын жабыстырады. Келесі беттерде бақылау жүргізілетін құбылыстар хронологиялық ретпен жазылады (жеке: метеорологиялық, гидрологиялық, ботаникалық, зоологиялық).

Өздерінің бақылауларының нәтижелерін мектеп оқушылары суреттері, фотографиялары, әдеби шығармалардан үзінділері бар қабырға кестелері түрінде рәсімдеулері мүмкін. Бақылау нәтижелерін көрнекті рәсімдеудің кең таралған бір түрі – фенологиялық ағаш (*1-қосымша*). Оның діңінде бір-бірінен бірдей қашықтықта күндер жазылады, бұтақтарында – сол күнде болған оқиғаны көрсететін

суреттер мен жазбалар жазылады. Сол жақтан, дiңге параллельдi түрде дiңде көрсетiлген күндерде болған орташа күндiзгi (немесе тәулiктiк) температуралар бағанасы берiледi.

Фенологиялық үйiрменiң жұмысының негiзiнде белгiлi реттiлiгi бар және жыл маусымдарымен байланысты, яғни табиғаттың дамуының белгiлi бiр қайталанатын кезеңдерiн сипаттауы керек фенологиялық бақылаулар бағдарламасы жату керек. Осындай бағдарлама жергiлiктi табиғат ерекшелiктерiн ескере отырып және оны мектеп оқушыларының орындау мүмкiндiктерiн ескере отырып құрастырылу керек.

Гидрометеорологиялық құбылыстарды бақылау

Мектептегi фенологиялық үйiрменiң бағдарламасына гидрометеорологиялық құбылыстардың iшiнен көзбен жеңiл анықталатын маусымдық құбылыстардың аз санын қосу керек. Қосымша ретiнде көктемгi уақыттағы орташа тәулiктiк температураның 0, +5 және +10 °С, ал жазғы-күзгi уақытта +10, +5, 0, -5°С арқылы тұрақты өтуiнiң күнiн белгiлеу ұсынылады. Сонымен қатар, 2-3 см және (20-25 см) тереңдiктегi топырақтың еруi күндерiн жазған дұрыс. Сiз өзiңiздiң әр шығуыңыздың барысында өзiңiздiң қойын дәптерiңiзде жалпы жағдайды белгiлеп алуыңыз өте маңызды. Сонымен қатар бақылау жүргiзiлген аумақтың атауын көрсету керек.

Алғашқы ала қардың пайда болуы. Жазық жерде алғашқы ала қардың пайда болу күнi жазылады.

Тұтас қар жамылғысының жоғалуы. Көрiнетiн аймақтың жартысынан артығы қардан босаған күн көрсетiледi.

Далалардың қардан толық босауы. Ашық көрiнетiн аймақ қар жамылғысынан босағаны тiркеледi; оның қалдықтары аңғарларда және көлеңкелi жерлерде сақталуы мүмкiн.

Ормандағы қардың жоғалуы. Қашан және қандай орманда (қарағай, шыршалы, жапырақты және т.б.) қар жамылғысы жоғалғаны жазылады. Қардың жеке аралшықтары назарға алынбайды.

Көктемде қар жамылғысының жаңаруы. Кейде тұрақты қар жамылғысы жоғалғаннан кейiн қайта қар жауады және көрiнетiн барлық аймақты қар жабады. Осындай жағдайларда қар жамылғысының пайда болу және жоғалу уақытын белгiлеу керек. Егер осындай жамылғы бiрнеше күн сақталса, онда оның пайда болу күнiн және жоғалу күнiн белгiлеу керек. Егер қар бiрнеше сағат жатса, оның пайда болуы және жоғалу уақыты жазылады.

Көктемдегi соңғы және күздегi алғашқы суық. Көктемде соңғы және күзде алғашқы рет шөптерде, құрылыс төбелерiнде, басқа заттарда қыраудың таңертеңгi ерте сағаттарда байқалған күнi жазылады.

Қар жамылғысының алғашқы пайда болуы. Оның пайда болу және жоғалу күндері жазылады.

Тұрақты қар жамылғысының пайда болуы. Қыс бойы сақталған қар жамылғысының пайда болу күні тіркеледі.

Найзағай болған күндерді белгілеп алған дұрыс, қысқы найзағайларға ерекше назар аудару керек.

Егер жақын жерде су қоймалары болса және толығырақ бақылаулар мүмкін болса, келесі құбылыстардың күндерін белгілеп алған дұрыс.

Жиек судың пайда болуы. Көктемде су көтерілудің барысында жағадағы мұздың үстінде кейде су пайда болады.

Өзендегі мұздың жылжуы. Жаппай мұз кету басталғанға дейін бір немесе бірнеше мұз кету жиі байқалады. Ол көктемде күн жылығанда байқалады. Осы жағдайда өзеннің қандай да бір бөлігі мұздан босайды, ал ағыстан жоғары және төмен жерлерде өзен мұзбен қапталған түрінде сақталады. Өзен мұздан босаған аумақтың мөлшерін (метрмен өлшеп) шамалап анықтаған дұрыс.

Өзеннің мұзы жарылып сең жүруі. Бұл құбылыс жаппай мұз кетудің басталуын немесе өзеннің мұздан оның бір орында еруінің нәтижесінде босауын білдіреді. Өзеннің атауы көрсетіледі.

Ағынсыз су қоймаларында мұз жамылғысының жоғалуы. Мұз толық еріген күн, су қоймасының атауы (көл, тоған) көрсетіледі. Үлкен көлдер үшін атаулары көрсетіледі.

«Мұз қабыршағының» пайда болуы. Күзде мұз қатудың алдында сыртқы түрі бойынша майға ұқсайтын өте жұқа мұздар пайда болады.

«Қабыршық мұз» немесе «су бетіндегі қар». Жиі «қабыршақ мұзбен» қатар жүретін, күзде көп қардың түсуінің нәтижесінде пайда болатын құбылыс.

Мұздың шеті. Жағалардың жанында қозғалмайтын мұз жолақтарының пайда болуы.

Мұз қату. Су қоймасы толық мұзбен қапталды. Жылымдар бар болса, сәйкес жазбаны жасау керек. Сонымен қатар күзгі мұз кету және екінші ретгі мұз кету жағдайларын жазған дұрыс.

Ауа-райының қауіпті құбылыстары. Осындай құбылыстарға жатады: бұршақ жауу; найзағай және оның салдары ретінде – өрт, электр желісінің, байланыс желісінің зақымдануы, ағаштардың ыдырауы; дауыл құлатқан ағаштар; көктайғақ; жазда жаңбырдан кейін болатын су тасқындары; көктемгі сел; борандар; құйындар. Шаруашылыққа зиян келтірген құбылыстардың күнін және уақытын көрсету керек және оларды сипаттау керек.

Өсімдіктерді бақылау

Қандай да бір фазаның белгілері тым болмаса жеке бұтақтарда табылса, өсімдіктер сол фазаға енген болып есептеледі. Әр фазаның басталуын оған қандай да бір түрге жататын өсімдіктің (егер үлкен топ қарастырылса) 10% немесе тым болмаса 2-3 дарасы енген кезде белгілеу керек. Егер бір өсімдік бақыланса, 10% гүлдер немесе жапырақтар ашылған кезде фазаның басталуын белгілейді. Шөптекті өсімдіктерді бақылаған кезде фазаның басталуы осы фазаға алаңдағы немесе маршруттағы бақылау үшін таңдалған (алаңдағы барлық даналар есептеледі, маршрутта – 100 кем емес) осы түрге жататын өсімдіктердің 10% енген кезде белгіленеді. Фазаның жаппай басталуы өсімдіктердің кемінде 50% (немесе бір жеке ағашта гүлдердің немесе жапырақтардың 50% ашылған кезде) осы фазаға енген кезде белгіленеді.

Ағаштарды және бұталарды көктемгі бақылауларды күндізгі уақытта көлеңкедегі ауа температурасы +5°C жақындаған күннен бастап бастау дұрыс. Бүршіктердің қабыршақтарының өсулерінің нәтижесінде ашығырақ жолақтардың, бұрыштардың, дақтардың пайда болуы бүршіктердің бөртуінің белгісі болып табылады. Қабыршақтары салбыраған өсімдіктерде (алма ағашы, жүзім ағашы) бүршіктердің бөртуі басқа түрдегі мамықтанудың пайда болуы бойынша белгіленеді. Бүршік қабыршақтары жоқ тұқымдарда (итшомырт, бүрген) бүршіктердің бөртуі ретінде олардың қопсуын алады. Қылқанды тұқымдарда: егер бүршіктер шайырмен жабылған болса (сібір самырсыны, кәдімгі және қрым қарағайы), онда бүршіктің ұшындағы шайыр жабынының бұзылуы, бүршік қабыршақтарының ашылуы және олардың ашық түске боялуы олардың вегетациясының белгісі болып табылады; бүршіктері шайырмен аз жабылған немесе мүлдем жабылмаған түрлерде (балқарағай) вегетацияның басталуын бүршіктердің ұштарының ашық түске боялуы, сыртқы қабыршақтардың ажырауы және олардың арасында ашығырақ жолақтардың немесе жиектердің (қарағайлар – самырсын, сібір және еуропалық) пайда болуы немесе қабыршақтардың қопсуы және олардың ұштарының кері қайырылуы (шырша – кәдімгі, сібір, шығыс және саян) бойынша белгілейді. Бүршіктері жалаңаш қылқанды тұқымдарында (аршалар, туялар, сауырағаштар) осы фаза қабыршақ тәрізді немесе ине тәрізді жапырақтардың ұштарының ажырауы бойынша белгіленеді.

Бүршіктердің бөртуі болып қабыршақтардың арасында жапырақтардың ұштарының пайда болуы есептеледі. Гүл бүршіктерінде ажыраған қабыршақтардың арасында әдетте гүлшанақтың ұштары көрінеді.

Алғашқы жапырақтардың жазылу фазасы жапырақ бүршіктері ашылған, жапырақтар жазыла бастаған, бірақ жапырақ тақташасы жазылмаған кезде басталады. Жапырақты ормандар осы кезеңде жасыл түспен мұнарланып тұрғандай көрінеді. Қылқанды тұқымдарда жасылдану фазасы қылқандар бір-бірінен жоғарғы ұштарында ажырай бастаған сәтті білдіреді.

Гүлдеу – өсімдіктер өміріндегі ең маңызды сәттердің бірі. Желмен тоздандатын өсімдіктерде (қандыағаш, шаттауық, терек, көктерек, қызылқайың, шаған, қайың, шырша, қарағай, арша, балқарағай, емен, шырғанақ және т.б.) желдің есуі немесе бұтақты сілку барысында жарылған тозаңқаптан тозаңның төгілуі *гүлдеудің басталуы* болып есептеледі. Жақсы дамыған гүлсерігі бар ағаштар мен бұталарда (шие, алма, мойыл, шетен, жөке, долана және т.б.) гүлдің тәжі толық ашылған гүлдер пайда болған кезде гүлдеудің басталуы белгіленеді. Бұршақ тұқымдарында (сары қараған) гүлдеудің басталуы бірінші күлтелердің (желкендердің) ашылуы бойынша, ал бүргендерде – гүлшоғырдың ішкі бөлігінде алғашқы ұсақ гүлдердің ашылуы бойынша белгіленеді.

Өсімдіктерде ашылмаған гүлдер қалмаған, олардың күлтелері кураған және түсетін кезде *гүлдеудің соңы* басталады. Желмен тоздандатын өсімдіктерде гүлшоғырлар тозаң бөлуді тоқтатады және жаппай түседі.

Жеміс берудің басталуын анықтау қиын, бірақ осы фаза өте маңызды, өйткені жаппай жеміс беру кезеңінде тұқым, жемістерді, жидектерді жинайды.

Өсімдіктердің шырынды жемістері (шие, қарақат, таңқурай, мойыл, шетен, алма және т.б.) өздеріне тән түске боялса, жұмсарса, жеуге жарамды болса пісті деп есептеледі.

Құрғақ, жеуге жарамайтын жемістері бар тұқымдарда олардың піскенін көзбен қарап анықтау қиын, барлығынан жиірек олардың себілгенін бақылайды, алайда барлық осындай өсімдіктерде жемістер піскеннен кейін бірден түседі.

Қайыңдарда, үйеңкілерде тұқымдардың пісуінің белгісі бірінші қанаттардың ағаштың жанында пайда болуы, шаттауықта және еменде – бірінші піскен жемістердің және жаңғақтардың пайда болуы, бұршақ тұқымдастарында – бұршақтардың тұқымдарының себілуіне әкелетін қоңырлануы және шытынауы болып табылады. Аршада бүршік-жидек піскен кезде қара-көк түсті, жұмсарған және бармақтармен оңай ажыратылатын болады. Аршагүлде, қазанақта, таураушанда, шамшат, спиреяда, көпіршікті тұқымдықта, мамыргүлде жемістердің пісуі қорапшалардың толық қоңырлануы және олардан сілкіген кезде тұқымдардың себілуі бойынша, жөкеде – жаңғақтардың толық

қоңырлануы бойынша, қандыағашта – бүршіктердің қоңырлана басталуы және қабыршақтардың ажырауы бойынша анықталады.

Жаппай жеміс беруді шаруашылық мақсаттарда жемістер мен тұқымдарды жинау мүмкін болатын сәтте белгілейді.

Ағаштардың, бұталардың және жидек бұталарының *гүлдеулерін және жеміс берулерін бағалау* жаппай гүлдеудің немесе жеміс берудің барысында жүргізіледі, жаңғақшаның, еменнің, теректің, талдың, көктеректің жеміс өнімділігін жемістер мен тұқымдардың жаппай түсуі барысында анықтайды. Қылқанды тұқымдардың өнімділігін осы жылда пісіп жетілген тұқымы бар бүршіктердің саны бойынша қоңыр күзде анықтайды (ескі бос бүршіктерді жас бүршіктерден қоңырлау түсі және қайырылған қабыршақтары бойынша ажырату оңай). Бүршіктер зақымданған жағдайда ескерту ретінде жеміс беру деңгейінің төмендеуінің себебі мен пайызы көрсетіледі. Әр түрдің гүлдеу және жеміс беру деңгейін есептеу ормандағы осы түрдің көптеген даралары бойынша және осымен бір уақытта бөлек жалғыз тұрған немесе орманның шетінде өсетін ағаштар бойынша жүзеге асырылады.

Осындай салыстыруға В.Г. Каппер шәкілі бойынша жүргізілетін бағалаулардың анықтығы мен дұрыстығы негізделген.

Ағаш және бұта тұқымдарының бүршіктерінің, жемістерінің және тұқымдарының түсімін көзмөлшерлік бағалаудың шәкілі (В.Г. Каппер бойынша).

0 – өнім мүлдем жоқ; бүршіктер, жемістер және тұқымдар жоқ;

1 – нашар өнім; бүршіктер, жемістер және тұқымдар жеке тұрған және орман шетінде өсетін ағаштарда аз көлемде бар; олар орманның түкпіріндегі өсімдіктерде аз көлемде кездеседі;

2 – аз өнім; жеке тұрған ағаштардың, сонымен қатар орман шетіндегі ағаштардың біркелкі және қанағаттандырарлық жеміс беруі және орманның түкпіріндегі ағаштардың азғантай жеміс беруі;

3 – орташа өнім; жеке тұрған ағаштардың және орман шетіндегі ағаштардың айтарлықтай жеміс беруі және орманның түкпіріндегі ағаштардың қанағаттандырарлық жеміс беруі;

4 – жақсы өнім; жеке тұрған ағаштардың және орман шетіндегі ағаштардың мол жеміс беруі және орманның түкпіріндегі ағаштардың жақсы жеміс беруі;

5 – өте жақсы өнім; жаппай мол жеміс беру.

Гүлдеудің қарқындылығын бағалауды сол шәкіл бойынша жүзеге асырады. Гүлдеуді және жеміс беруді түрдің жеке немесе аз данасы бойынша бағалаудың барлық жағдайларында бақыланған даналардың саны мен жасы көрсетілу керек. Біркелкі емес гүлдеген және жеміс берген кезде бірнеше балмен бағалау мүмкін, мысалы, 3-тен 5-ке дейінгі ауытқулары бар 3-4 немесе 4. Бақылаушыны қызықтыратын барлық ағаштар мен бұталардың тұқымдары үшін бағалау жүргізіледі.

А.Н. Формозов шәкілі бойынша бүлдіргеннің, таңкурайдың, каражидектің, итбүлдіргеннің, мүкжидектің және т.б. гүлдеу және жеміс беру қарқындылығы анықталады. Табиғат күнтізбесінде гүлдеу мен жеміс беруді бағалауға ерекше бетті арнайды.

Жидек бұтасының жеміс беруін көзмөлшерлік бағалау шәкілі (А.Н. Формозов бойынша)

0 – жидек жоқ;

1 – өте нашар өнім; өсімдіктердің аз санында жеке жидектер кездеседі;

2 – аз өнім; жеке жидектер және жидектердің шағын топтары. Телімдердің басым көпшілігінде жидек жоқ;

3 – орташа өнім; кей жерлерде жидектердің айтарлықтай көлемі бар, бірақ телімдердің көпшілігінде тек жеке жидектер бар немесе жидектер мүлдем жоқ;

4 – жақсы өнім; жидектердің көп мөлшері бар телімдер кездесетін жидек өсетін алаңдардың 50% кем емес көлемін алады;

5 – өте жақсы өнім; жаппай мол жеміс беру.

Ескерту. Өнімі аз телімдер өте сирек немесе мүлдем кездеспейді.

Ағаштар мен бұталарда жапырақтардың боялуын және қурап түсуін күзде бақылауды өсімдіктің жеке органдарында емес, тұтас жүргізеді. Күзгі құбылыстар бір түрдің әр түрлі даналарында салыстырмалы түрде баяу және бір уақытта өтеді. Оны әсіресе қайындарда, жөкелерде, көктеректерде, талдарда жиі бақылауға болады. Көктеректерде жапырақтары күзде қызыл түске боялатын даралар қатты ерекшеленеді. Жапырақтардың боялуы және қурап түсуі оларда жапырақтары сары түске боялатын көктеректерге қарағанда жылдамырақ жүреді. Ағаш тұқымдарында күзгі құбылыстардың басталу мерзімдеріне, ауа-райы режимінен, қыстау шарттарынан және ағымдағы жылдағы өсімдіктің көктемде және жазда даму сипатынан басқа, маңызды әсерді топырақтың жасы, сипаты, жерасты суларының жақындығы және орналасқан жер келтіреді.

Бірінші жапырақтардың (қылқандардың) немесе тұтас бұтақтардың (тұтамдардың) күздегідей боялуы *жапырақтардың боялуының* басталуы болып есептеледі.

Толық күзгі бояуды өсімдіктердің жапырақтары толық күзгі түстерге боялған күнде белгілейді (жасыл жапырақтардың аз көлеміне назар аударылмайды). Қарағайдың ұшар басының ішкі бөлігі сарыға боялады, «үйітілгенге» ұқсайды.

Алғашқы күздегідей боялған жапырақтардың қурап түскен күн жапырақтардың қурап түсуінің алғашқы күні болып есептеледі. Жапырақтарының боялуы әрқашан анық көріне бермейтін ағаш тұқымдары үшін (мамыргүл және т.б.) жапырақтардың қурап түсуінің

басталуын ағаштардың астында бірінші сарғайып түскен жапырақтар пайда болған кезде белгілейді (жазда қатты құрғақшылық немесе ерекше жоғары температура жағдайларында жапырақтардың түсуі жапырақтардың қурап түсуінің басталуы ретінде белгіленбеу керек). Жапырақтардың қурап түсуі жапырақтардың боялуы басталғаннан кейін басталады және басында біртіндеп және елеусіз өтеді. Егер жылы күзгі ауа-райынан кейін кенет қатты суық түссе, ол аңдаусыз және жапырақтардың боялуынсыз басталуы мүмкін.

Ағаштар мен бұталардың ұштары жапырақтан толық босаған кезді жапырақтардың қурап түсуінің соңғы күні деп есептеу керек. Ағаш ұштарындағы жапырақтардың аз көлемі назарға алынбайды. Қатты суықтан (3-5°C) кейін жапырақтардың қурап түсуі өте қарқынды жүреді, кейде бірнеше сағаттың ішінде (шаған, талшын, қандыағаш, терек, көктерек). Желді күндері жапырақтардың қурап түсулерінің тоқтағанын дер кезінде белгілеу үшін жиігірек бақылаулар қажет. Суық ерте түскен кезде кейбір түрлерде қоңырланған жапырақтар түспейді және қыс бойы сақталады. Осы жағдай туралы сәйкес жазбаларды жасайды.

Шөптекті өсімдіктерді бақылау күрделірек және көп уақытты талап етеді. Сондықтан оқушыларға арналған бақылау бағдарламасына аймақта ең белгілі және оған тән түрлердің тек қана *гүлдеулерінің басталуын* бақылауды енгізген дұрыс. Гүлдері масаққа, шашақгүлге, шашаққа (астық тұқымдастары) жиналған өсімдіктерде гүлдеудің басталуын олардан жеңіл сілкігенде тозаң себілетін тозаңқаптар шыққан кезде белгілейді. Бұршақ тұқымдасты өсімдіктерде (түйебұршақ, асбұршақ) тәждің жоғарғы кең күлтесі көтеріліп тұрған бірнеше гүлдің пайда болуы гүлдеудің басталуы болып есептеледі. Гүлдері шоққа (күреңот), шоғырбасқа (жоңышқа), себетке (өгейшөп) жиналған өсімдіктерде гүлшоғырларда алғашқы әбден шешек атқан гүлдер пайда болған кезде гүлдеу белгіленеді. Шоқтарда гүлдердің шешек атуы төменнен жоғарыға қарай, табақшаларда, шоғарбастарда, себеттерде – шеттерден ортаға қарай жүреді. Қалтагүлде, бүлдіргенде, інжугүлде, сары тұңғиықта, тұңғиықта гүлдеудің басталуын алғашқы гүлдердің шешек атуы бойынша белгілейді. Кейбір өсімдіктерде гүлдер және гүлшоғырлар күннің бірінші жартысында ашылатынын (өгейшөп, бақбақ, шашыратқы), ал кешке қарай жабылатынын есте сақтау керек. Саумалдық, ұлпа гүл, кестежусан тәрізді түрлерде гүлдер тек қана күншуақты күндері шешек атады. Қалтагүлде, жұпар шегіргүлде екінші ретті гүлдеуді жиі бақылауға болады.

Шөптекті өсімдіктерді бақылаған кезде жеке өсімдіктердің және олардың көпшілігінің (50% артығы) гүлдеуінің басталуын белгілейді.

Оталамы дақылдарды бақылау барысында есептеулер қазықшамен немесе заттаңбамен белгіленген бір дананың бүкіл

вегетациялық кезеңінде жүргізіледі. Дәнді дақылдарда есептеулер үшін бақылау телімінің бірдей жерлеріндегі өсімдіктер алынады. Бақылауды күннің екінші жартысында жүргізу ұсынылады (зығыр мен жүгерінің гүлдеуін таңертеңгі сағаттарда бақылаған дұрыс). Бақыланатын барлық мәдениеттер үшін сұрыптың атауы мен өнімділікті көрсеткен дұрыс, олар туралы мәліметтерді шаруашылықтардан алуға немесе анықтауға болады.

Алғашқы өскіндердің шығуы. Топырақтың үстінде белгілі мәдениеттің алғашқы өскіндері немесе дән ұрықтары шыққан күн белгіленеді. Өскіндер телімнің басым бөлігінде шыққанда, олардың жаппай шығу күні белгіленеді.

Өсімдіктердің 10% масақтары жоғарғы жапырақтардың қынаптарынан жартылай шыққан күнде *масақтанудың басталуы* (масақтың немесе шашақгүлдің шашақтануы) тіркеледі. Сабақтардың басым бөлігінде масақтар пайда болған кезде жаппай масақтану белгіленеді. Астық тұқымдастарында *гүлдеудің басталуы* егістіктің әр түрлі шеттерінде жеке өсімдіктерде масақтардың сыртында жарылған тозаңқаптар пайда болған кезде белгіленеді.

Арпада, сұлыда және тарыда гүлдеудің басталуын сыртқы белгілер бойынша анықтау қиын. Ол туралы гүлдеу уақытымен сәйкес келетін жаппай масақтану бойынша жорамалдайды. Картопта, зығырда, асбұршақта, жоңышқада гүлдеудің басталуын осы түрдің 10% гүлдің тәжі ашылған кезде белгілейді, ал жаппай гүлдеуді өсімдіктердің кемінде жартысы гүлдеген күні белгілейді.

Тұқымдардың пісуінің басталуы және жаппай пісуі. Астық тұқымдастарында тұқымдардың пісуінің үш кезеңі ажыратылады: сүттеніп пісу – тұқым піскен тұқымның көлеміне жетеді, жасыл түсті, бармақтармен оңай езіледі; балауызданып пісу – дән сарғаяды, оның ішіндегісі езген кезде қиындықпен шығады, шар болып оңай домаланады және бармақтарға жабыспайды, пышақпен кесіледі, балауыз тәрізді, бүккен кезде бірінші бүгіліс пайда болады, одан кейін сынады. Дән толық піскен кезде қатты болады, бүгілмейді және қабықтың ішіндегісі сығылмайды. Зығырда ерте сары пісуді (егістік ашық-сары түске боялады, қорапшада жасыл жолақтар әлі де көрінеді) және толық сары пісуді (қорапшалар сары, тұқымдар қоңыр, қатайған) ажыратады. Картопта пісу сабақтың кебе басталуы бойынша анықталады (сабақтың табиғи қурауының басталуын суықтар мен аурулармен зақымданудың салдарынан солудан ажырату керек).

Саңырауқұлақтарды бақылау

Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың жеміс беруі белгілі бір реттілікпен бақыланады. Кейбір түрлер көктемде пайда болда, басқалары – жазда, үшіншілері – тек жаздың соңында-күздің басында. Саңырауқұлақтардың әр түрлі түрлерінің жемісті денесі қалыптасу

үшін саңырауқұлақ мицелийі дамиды орман төсеніші мен топырақтың жоғарғы қабаттарының қолайлы температурасы және ылғалдылығы қажет.

Саңырауқұлақтардың жеміс берулерінің бірінші кезеңдері (ақ, қайың саңырауқұлақтары) жаздың басында бақыланады, қысқа мерзімді және өнімділігі төмен болады. Екінші кезеңді жиі жағдайда шілде айында байқайды. Ең ұзақ және өнімді үшінші кезең тамыз-қыркүйек айларында болады. Саңырауқұлақтарды бақылау барысында қандай да бір түрдің бірінші рет кездескен күнін белгілейді, ал олардың жаппай өсу кезеңі үшін – өнімнің күні мен сандық бағасын жазып алады.

Саңырауқұлақтардың өнімін бағалаудың көзмөлшерлік шәкілі

1 – өнім жоқ; саңырауқұлақтар жоқ;

2 – нашар өнім; саңырауқұлақтар өте аз, олар тек қана мекендейтін жерлердің қолайлы жағдайларында кездеседі;

3 – орташа өнім; саңырауқұлақтар барлық жерде аз көлемде кездеседі;

4 – жақсы өнім; саңырауқұлақтардың көп саны кездеседі; саңырауқұлақтардың қайталама қабаттары байқалады,

5 – мол өнім; саңырауқұлақтарды көп және ұзақ жинау; олардың жаппай пайда болуы жаздың және күздің барысында бір реттен артық белгіленеді.

Өнімді бағалауды әрбір түр бойынша жеке берген дұрыс. Саңырауқұлақтардың жеке түрлерінің жалпы жеміс беру ұзақтығын анықтау үшін олард соңғы рет табылған күндерді белгілеу керек.

Саңырауқұлақтарды жинау ережелерін есте сақтау керек. Саңырауқұлақтардың жеміс денелері топырақта және орман төсенішінде жасырынған мицелийден немесе саңырауқұлақтың жіпшесінен дамиды, олардың жұқа жіпшелері абайсыз жинау кезінде оңай зақымдалады, сондықтан саңырауқұлақты қазып алмай, тек топырақтың немесе орман төсенішінің деңгейінде кесіп алу дұрыс. Саңырауқұлақты жерден жұлып алуға мүлдем болмайды, өйткені сондай жердегі жеміс денелерінің пайда болуы тоқтайды.

Жәндіктерді бақылау

Жәндіктерді фенологиялық зерттеу олар қоректенетін өсімдіктерді бақылаумен қатар өткізіледі. Егер, мысалы алма жеміс жегісі бақыланса, онда онымен бір уақытта алма ағашының да маусымдық дамуын бақылайды.

Тікелей қызығушылық тудыратын кейбір мерзімді құбылыстар жәндік-зиянкестердің басым бөлігіне тән.

Ересек даралардың пайда болуы. Олардың бірінші рет және жаппай пайда болу күндері белгіленеді. Белсенділіктің басы ретінде

олардың әдетте мекендейтін жерлерінде осы түрдің бірінші қозғалғыш даралары байқалған күнді алады. Оны ұшатын жәндіктерде (көбелек, шыбын және т.б.) анықтау оңай; басқа жәндіктерде, мысалы ұсақ және аз қозғалатын жануарларда, осы күнді белгілеу үшін олар әдетте ұсталып тұратын субстратты үнемі қарау керек. Осылай, егер алма жеміс жегісін бақыласа, онда алма діңінің жанындағы топырақта қыстайтын осы ұсақ қоңыздың белсенділігінің басталуын анықтау үшін гүл бүршіктерінің шешек атуына айтарлықтай уақыт қалғанда оны діңдерден, бұтақтардан және алма ағашының бүршіктерінен іздеу керек.

Жәндіктердің жаппай шығу күні ретінде түрдің санының кенеттен артуы байқалатын күн алынады.

Жұмыртқа салудың басталу күні ретінде осы жәндіктің бірінші жұмыртқасын немесе жұмыртқалар тобын тапқан күн есептеледі. Ол үшін бақыланатын жәндіктің жұмыртқалар тобының сыртқы түрін және олар қайда кездесетінін білу керек.

Балаңқұрттардың жұмыртқалардан шығуының басталу күнін дәл белгілеу үшін жұмыртқалар тобы табылған күннен бастап оларды күнде қарау ұсынылады. Балаңқұрттар бірінші рет байқалған күн жұмыртқадан шығу күні болып есептеледі.

Ересек жәндікке айналуының басталуы. Ересек жәндікке айналу фазасы толық түрленіп дамитын (қоңыздар, көбелектер, қосқанаттылар, жарғаққанаттылар) жәндіктерге тән, олардың балаңқұрттары ересек даралардың сыртқы түріне мүлдем ұқсас емес. Қуыршақ фазасы толық емес түрленіп дамитын жәндіктерде (тура қанаттылар, тарақандар, қандалалар және т.б.) жоқ, олардың балаңқұрттары жұмыртқадан шыққан сәтте ересек жәндіктің белгілеріне ие болады. Ересек жәндікке айналу барысында балаңқұрттар әдетте жеке паналарды (піллә, үңгірше және т.б.) жасайды, олар әр түрлі түрлерде құрылысымен, орнымен және бекітілу тәсілімен ажыратылады. Осы түрге жататын жәндіктердің қуыршақтарын бірінші рет тапқан күн ересек жәндікке айналуының басталуы болып есептеледі.

Біздің облыстағы ең жиі кездесетін және жақсы көзге түсетін жәндіктерге тоқталайық.

Қалақай көбелек. Көктемде ең жиі байқалатын орташа мөлшерлі (қанаттарының өрісі 4-5 см) көбелек. Оны қара дақтары бар қоңырқызыл және қара жиектері бар қанаттары бойынша тану оңай. Өте ерте кезде, кейбір жерлерде қар жатқанда ұша бастайды. Күншуақты күндерде көбелекті елді мекендерде, бақшаларда, алаңқайларда, әдетте қалақай өсетін жерлерде кездестіруге болады. Суықтар басталғанда уақытша жоғалады. Балаңқұрттары (тікендері бар қырықбуын) қалақайда тіршілік етеді.

Ақ көбелек. Орташа мөлшердегі көбелек (қанаттарының өрісі 5-6 см). Қанаттарының жоғарғы жағы ашық-ақ түсті, алдыңғы қанаттарының үстіңгі ұштары қара және (тек қана ұрғашыларда) қанаттың орта бөлігінде екі қара дақ болады. Қанаттарының астыңғы жағы жасыл-сары түсті. Отырған кезде қанаттарын біріктіріп ұстайды. Шаршыгүлді өсімдіктермен байланысқан, олардың жапырақтарымен көбелектің балаңқұрты қоректенеді. Көп зиян әкеледі, атап айтқанда орамжапырақ көшеттеріне. Қуыршақ фазасында қыстайды. Көктемгі ұшып шығуы мамыр айында басталады, әдетте мойылдың гүлдеуіне аз уақыт қалғанда. Шілде-тамыз айларында көбелектердің екінші – жазғы буынның ұшуы басталады. Осы буынның алдындағы жазда ақ көбелек сирек кездеседі.

Жирен орман құмырсқасы. Алуан түрлі ормандарда кездеседі. Жирен құмырсқаның илеулері орманның түкпіріндегі бөлімдерде ағаштардың арасында орналасады. Бір илеуді көп жылдар бойы бақылауға болады. Көктемде құмырсқа илеулерінде олардың бірінші белсенді тұрғындарының пайда болу күні белгіленеді.

Құстарды бақылау

Кез-келген аймақтың құс тұрғындары отырықшы және ұшып келетін түрлерден тұрады. Отырықшы құстарға осы аймақта жыл бойы кездесетін құстар жатады, ұшып келетіндерге – осы жерге жылдың белгілі уақытында келетіндері жатады. Біздің облыста соңғыларының басым бөлігін көктемде ұя салатын кезде ұшып келетін және ұя салу ауданын күзде тастап кететін түрлер құрады. Кейбір ұшып келетін құстар үшін осы аудан тек қана қыстау орны болып табылады. Біздің облыста көктемде және күзде қысқа уақытта сондай-ақ оңтүстіктегі қыстау орындарынан солтүстіктегі ұя салу орындарына қарай және кері қоныс аударатын ұшып өтетін құстар кездеседі.

Мектеп оқушыларына арналған фенологиялық бақылаулар бағдарламасына басым бөлігін елді мекендерде, ірі қалаларда да бақылауға болатын ең әдеттегі ұшып келетін құстардың аз санын қосу ұсынылады.

Құстардың ұшып келу (ұшып өту) және ұшып кету күндерін белгілеу керек. Осы күндерді дәлірек анықтау үшін кездейсоқ кездесулерге ғана сенбей, құстарды белсенді түрде іздеу керек. Құстар өздері үшін таңдаған жерлер өсімдіктерді бақылау үшін таңдалған телімдермен сәйкес келмеуі мүмкін. Осы жағдайда, құстарды бақылау үшін арнайы маршруттар таңдалады, оларға жыл сайын қажет кезеңде барып отыру керек (ұшып келу және кету уақытында, қысқы бақылау кезінде).

Көктемнің бірінші белгілерінің пайда болғанымен – ауаның жылуы, оңтүстік баурайларда алғашқы қар еріп ашылған ойдым жерлердің пайда болуы, ерте ұшып келетін құстарды олардың пайда

болуы ықтимал жерлерде кездестіруге дайын болу керек. Құстардың басым бөлігі үшін бұл өзен алқаптары, алаңдар, орман шеттері, бақтар, саябақтар. Ерте ұшып келетін құстар көшпенді өмір сүретінін және ұя салу орындарында бірден пайда болмайтындарын есте сақтау керек. Ұшып келген кезде құстар аумақты біртекті емес қоныстандырады. Бірінші ретте қардан ерте босайтын, жақсы қыздырылатын орындар қоныстандырылады. Сәйкесінше, бақылауларда ұшып келу күндерін анықтағанда айырмашылықтар болады. Осындай айырмашылықтар құстардың аумақты қоныстауларының динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Мысалы, солтүстікке қарай орналасқан көрші мекенге ұзақтардың келгенін білгесін, олардың ұшып келуін өзіңіздің бақылау теліміңізде де белгілеуге болмайды. Құсты өзіңіз көруіңіз керек. Бақылауды таңертеңгі сағаттарды жүргізген дұрыс. Осы кезде құстардың белсенділігі жоғарырақ және олар жиі сайрайды.

Ерте ұшып келетін құстардың пайда болу мерзімдері айтарлықтай шамада ауа-райына тәуелді және сондықтан жылдар бойы қатты өзгеруі мүмкін. Суықтардың қайта түсуі әдетте ұшып келуді тоқтатады және ұшып келген құстардың жоғалуына жиі әкеледі. Осындай жағдайларды ерекше белгілеу ұсынылады. Кеш ұшып келетін құстардың пайда болу мерзімдері азырақ өзгереді.

Құстардың ұшып келу уақыты осы аудандағы олардың қорегінің қолдануға қолайлы түрде пайда болуымен сәйкес келеді (тұқым, көк, ұсақ су және құрлықтағы омыртқасыздар, ұшатын жәндіктер). Жәндіктермен қоректенетін құстардың ұшып келу мерзімдерінің жәндіктердің пайда болуымен байланысы әсіресе тығыз. Жәндіктермен қоректенетін құстардың қандай да бір түрінің пайда болуы бойынша жиі жағдайда жәндіктердің белгілі бір түрлерінің белсенділігі туралы және олардың маусымдық дамуларының сатысы туралы да жорамалдауға болады. Осылайша, көкектердің пайда болуы көкек қоректенетін қыстап шыққан жібеккөбелектің қырықбуындары максималды мөлшерлерінің жартысына жеткендерін және ағаш діндеріне шыққандарын білдіреді. Осыған байланысты жәндіктермен қоректенетін құстардың ұшып келуін және олар басым түрде қоректенетін жәндіктердің түрлерінің дамуын бір уақытта бақылау үлкен танымдық және тәжірибелік қызығушылықты тудыруы мүмкін.

Құстардың күздегі ұшып кетуі мен ұшып келуін бақылауды тамыз айынан бастау керек. Бақылау ауданында ұя салатын құстардың ұшып кетуінің күнін дәл анықтау қиын, өйткені ұшып кету бір мезетте емес, ал біртіндеп өтеді және созылмалы болады. Балапандардың ұялардан ұшып шығуынан кейін құстар әдетте ұя салу жерлерін тастап кетеді және бір-біреуден немесе топтармен қорек іздеп көшіп жүреді. Кейбір бақылаушылар құстардың ұя салған жерлерден көшіп кетуін (жоғалуын) ұшып кету деп белгілейді, бірақ ол дұрыс емес. Осындай

жазба құстардың ұшып кетудің алдындағы көшіп жүруге көшкендерін ғана көрсетеді. Ұшып кетудің нақты уақыты ұшып кетудің алдындағы қоректену аймақтарын (жайылымдар, жазықтар, өрістер, елді мекендердің айналасы) қамтитындай бақылау ауданын айтарлықтай кеңейткенде анықталуы мүмкін.

Бақылау ауданында белгілі бір түрдің қоныстану ұзақтығын (бірінші кездесуден соңғы кездесуге дейін) анықтау ұшып келетін құстарды бақылаудың нәтижелерінің бірі бола алады. Көпжылдық бақылаулардың негізінде құстардың қоныстау ұзақтығының ауа-райы жағдайларына және адамның шаруашылық қызметіне белгілі бір тәуелділіктерді анықтауға болады.

Ауданға тек қана қыста ұшып келетін құстарды да бақылау керек. Олар әдетте қоректену уақытында күздің соңында және қыста бақтарда, саябақтарда және көгалдандырылған көшелерде көруге болатын өсімдікпен қоректенетін құстар (самырқұс, суықторғай).

Жыл құстарын бақылау барысында фенологияда қабылданған ұшып келу (ұшып өту) және ұшып кету күндерін анықтаудың ережелерін қатаң басшылыққа алу керек.

Ұшып келудің және ұшып өтудің басталуы. Жыл құстарының барлық түрлеріне қатысты бұл құбылыс осы түрдің жеке дараларының немесе ұшып өтетін топтың бірінші байқалған күні белгіленеді. Құстардың өздерін табу ғана емес, сондай-ақ олардың бар болуын дауыстары бойынша анықтау да ескеріледі (бозторғай әні, көкектің көкектеуі, бұлбұл әні).

Бақылау ауданында ұя салатын жыл құстарының ішінен осы аймақта қоныстамайтын, ал солтүстік аудандарға қарай ұя салу үшін бара жатқан құстардың даралары бірінші пайда болуы мүмкін. «Транзиттік» құстарды «үйге қайтып келген» құстардан ажырату қиын. Сондықтан бірінші құстардың пайда болуын белгілей отырып, әдетте оларды қоныстанған немесе ұшып өтетін деп бөлмейді. Тапсырмаға құстардың көшіп-қонуларының жалпы жүрісін анықтау кіреді, оны бірінші даралардың осы аймақта пайда болу күндері бойынша жақсы бақыланады.

Бақылау ауданында ұя салатын құстар үшін *жаппай (жалпы) ұшып келу немесе ұшып өту* күні ретінде осы түрге жататын құстардың саны шұғыл көбейгені байқалған күні белгіленеді. Ұшып өтетін құстар үшін осындай күн ретінде ұшып өтетін топтардың ең көп саны бақыланған күн белгіленеді. Осы күндерді дұрыс анықтау үшін бізді қызықтыратын түр бақылау ауданында қандай көлемде кездесетінін тым болмағанда шамалап білу талап етіледі.

Ұшып кету. Бұрын айтылғандай, күзгі ұшып кету біртіндеп немесе уақыт бойынша қатты созылған болады. Оның басталуының күнін, құстардың жаппай ұшып кету күнін сияқты, арнайы сандық

есептерсіз анықтау іс жүзінде мүмкін емес. Осы терминді бақылау ауданынан түрдің басым дараларының жоғалуы деп шартты түрде түсіне отырып, жаппай ұшып кетуді ғана белгілеу ұсынылады. Топтық ұшып өтетін құстар (қаздар, тырналар және т.б.) үшін жаппай ұшып өту күні және оның аяқталу күні белгіленеді. Басталуы болып бірінші ұшып өтетін топты бақылаған күн есептеледі, жаппай ұшып кету күні – ұшып өтетін топтардың ең көп саны белгіленген күн, ұшып өтудің аяқталу күні – одан кейін топтар кездеспеген күн болып есептеледі.

Бақылау ауданында ұя салатын құстардың ұшып кетуінің аяқтаушы сатысын – олардың ұшып кетулерінің соңын (соңғы құстардың жоғалуы) ғана біржақты анықтау мүмкін. Осы сәтті осы түрге жататын құстарды соңғы кездестіру күні бойынша белгілейді, осындай күннен кейін олар бақылау ауданында кездеспейді.

Сүтқоректілерді бақылау

Басым жағдайда олар кездейсоқ болады. Сүтқоректілердің тіршілік әрекеттерінің іздері жиірек белгіленеді. Жануарлар өміріндегі қандай да бір маусымдық құбылыстың уақытын анықтау олар сол кезеңде мекендейтін телімге жиі бару шартымен ғана мүмкін.

Күйлеудің басталуын қардың бетінде алғашқы сыңар немесе топтық іздердің пайда болуы кезінде белгілейді. *Жас даралардың пайда болуын* ұрғашылар мен төлдерді (тұяқтылар), қуыстардың (тиіндер) және індердің (түлкілер, борсықтар) жанында жас кішкене аңдарды бірінші рет кездестіргенде тіркейді. Бірақ кездесу олардың пайда болуларының бірінші күні болмауы мүмкін, сондықтан кішкене аңдардың сыртқы әлпетіне, олардың жастық ерекшеліктеріне назар аудару керек және сәйкес жазбаларды жасау керек. Кейбір сүтқоректілерде (қояндар, тиіндер, ұсақ кеміргіштер) жылына бірнеше ұрпақ болатынын есте сақтау керек. Бұл жағдайда жазғы күйлеудің басталу мерзімдерін анықтау үшін кішкене аңдардың белсенділіктерінің артуына және кездесетін жас даралардың жасына назар аударады. Індерде, апандарда немесе басқа паналарда қысқы ұзақ ұйқыға жататын аңдар үшін *ұзақ ұйқыға жату уақытын* індердің жабылуы, олардың жанында жаңа іздердің жоғалуы бойынша анықтайды, ал *ұзақ ұйқыдан тұруды* – індердің жанында әрекет іздерінің пайда болуы және кішкене аңдардың бірінші кездесулері бойынша анықтайды. Маршруттарда және олардан тыс болған уақытта аңдардың мекендеу және қоректену орындарының маусымдық орналасуын, қорек пен паналарды іздеп бір ауданнан басқа ауданға көшулерін белгілеген дұрыс. Бұл кейінгі жылдарда жануарлардың тіршілік кезеңін тиімдірек бақылауларды ұйымдастыруға көмектеседі.

Қосмекенділерді бақылау

Бақалардың пайда болуы бірінші даралар табылған күні тіркеледі. Бірінші «концертті» көл және жасыл бақаларының кешкі мезгілде

бақылдағанын бірінші рет естіген кезде белгілейді. Уылдырық шашудың басталуының белгісі болып су қоймасының бетінде қоймалжыңданған уылдырық түйіршіктерінің пайда болуы есептеледі. Итбалықтардың бірінші пайда болуын да белгілейді. Қыста бақалардың жоғалуы су қоймасының жағалауында бақаларды соңғы рет кездестіргеннен кейін тіркеледі.

Фенологиялық бақылауларды жүргізу бойынша тәжірибелік тапсырмалар

1-тапсырма

Бір-үш айдың барысында ауа-райын бақылауды жүргізіңіз, жиналған материалдарды бекітіңіз және өңдеңіз.

2-тапсырма

Әдістемелік ұсыныстарды пайдалана отырып, қандай да бір табиғи объектіні немесе құбылысты фенологиялық бақылау бағдарламасын келесі жоспар бойынша құрастырыңыз және іске асырыңыз:

1. Бақылау жүргізілетін телімді сипаттау.
2. Бақылау объекті.
3. Бақылаулар мақсаты.
4. Осы объекттің ерекшеліктерін сипаттау.
5. Бақылаулар жоспары.
6. Нәтижелерді бекіту нысаны.

3-тапсырма

«Маусымдық фенологиялық бақылаулардың үлгілі бағдарламасын» пайдаланып (*2-қосымша*), сіздің елді мекеннің аумағында бір маусымға арналған фенологиялық бақылаулар бағдарламасын құрастырыңыз және орындаңыз.

Әдістемелік ұсыныстар

1-тапсырмаға.

Тапсырманы жеке жұқа тор көзді дәптерде орындаған дұрыс.

Бақылауларды маусымның орташа температурасын және осы маусымда басым жел бағытын анықтауға мүмкіндік болу үшін бір маусымның (жаз, күз, қыс немесе көктем) барысында жүргізу керек.

Ауа-райын бақылау, жиналған материалдарды бекіту және өңдеу.

Мақсат: температуралық қисықты, «жел тармақтарын» және бұлттылық диаграммасын құруға, өзінің бақылауларынан қорытынды жасауға үйрену.

Құралдар мен материалдар: сағаттар, термометр, флюгер.

Жұмысқа нұсқаулық:

1. Үш айдың барысында ауа-райын бақылаңыз, күнде бір уақытта өлшеп ауа температурасын, желдің бағыты мен күшін, бұлттылықты және жауын-шашынды белгілеңіз.

2. Алынған мәліметтерді 1-кестеге ұсынылған шартты белгілерді пайдалана отырып жазыңыз:

1-кесте. Ауа-райын бақылау нәтижелерін бекіту

Күн	Ауа температурасы	Желдің бағыты мен күші	Бұлтты	Жауын-шашын түрлері
-----	-------------------	------------------------	--------	---------------------

Бақылау нәтижелерін өңдеу

Бір айдағы температураның өзгеру графигін құрастыру

1. Алынған мәліметтер бойынша температура қисығын, яғни температураның бақылау күніне тәуелділік графигін (теріс температураны көк түспен, ал оң температураны қызыл түспен көрсетіңіз) құрыңыз.

2. Осы айдағы ауаның орташа температурасын анықтаңыз ($T_{op} =$).

3. Осы айда бақылған ең төмен және ең жоғары температура қандай ($T_{max} =$; $T_{min} =$)?

4. Бір айдың барысында температурасының өзгерісінде қандай заңдылықтарды бақыладыңыз?

Желдің, бұлттылықтың немесе жауын-шашынның ауа-райының өзгеруіне әсерін зерттеп тексеруге бола ма?

«Жел тармақтарын» және бұлттылық диаграммасын құру

1. Желдің бағыты мен бұлттылық туралы алынған мәліметтерді қолданып 8-кестені толтырыңыз, онда желдің бағытын және жел аталған бағытта неше күн соққанын белгілеңіз.

2. 8-кестенің мәліметтерінің негізінде «жел тармақтарын» және бұлттылық диаграммасын құрыңыз. «Жел тармақтарын» салу үшін көкжиектің негізгі және қосымша бағыттарына сәйкес алдын ала нұсқарларды салыңыз. Одан кейін әр нұсқарда осындай жел бағыты болған күндердің саны бойынша дәйектілікпен бірдей тіктөртбұрыштарды салыңыз. Олардың соңдарын қосыңыз және сіз «жел тармақтарын» аласыз (1-суретті қараңыз).

3. Осы айдың барысындағы желдің басым бағытын анықтаңыз.

4. Бұлттылық диаграммасын салу үшін тіктөртбұрыштарды сол күндерде бақылған бұлттылыққа сәйкес бояңыз.

5. Бұлттылықтың желдің бағытына тәуелдігі туралы қорытынды жасаңыз. Осы тәуелділіктің себептерін түсіндіруге тырысыңыз.

2-кесте. Желдің бағыты мен бұлттылықты сәйкестендіру

Желдің бағыты және осындай бағыт сақталған күндер саны												
С	сш	сб	о	ош	об	ш	б	шт				
Бұлттылық көрсеткіштері	Айлар											
	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
ашық												
бұлтты												
бұлыңғыр												

Ескерту. Осы кестелердің нәтижелерін пайдалана отырып бір жылдық «жел тармақтарын» және бұлттылық диаграммасын салуға болады.

2-тапсырмаға. Фенологиялық фазалардың ұсынылған ұсыныстарын және сипаттамаларын бақылаулар ғылыми құнды және жылдар бойынша салыстырмалы болу үшін міндетті түрде есепке алу керек.

3-тапсырмаға. Бір маусымға арналған маусымдық фенологиялық бақылаулар бағдарламасын құрастырған кезде сіздің үйдің ауласынан шыққанда немесе сіз жиі болатын орында оңай бақылай алатын маусымдық құбылыстарды да қоса алатыныңызды есте сақтау керек. Осы бағдарламаға сіз бақылай алмайтын құбылыстарды қоспау керек. «Маусымдық фенологиялық бақылаулардың үлгілі бағдарламасын» пайдаланып оның ішінде сізге қайсы жарамды және оған не қоса алатыныңызды анықтаңыз және өзіңіздің жеке бағдарламаңызды құрыңыз.

7. «Экологиялық ассорти» зияткерлік ойыны

Болдишор И.В., Губарь Н.Н., Павлодар қаласы Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК қосымша білім беру педагогтері.

Мақсат: оқушыларда белсенді танымдық қызмет арқылы экологиялық пікірді қалыптастыру.

Тапсырмалар:

экология, табиғатты қорғау, биологиялық алуан түрлілікті сақтау саласындағы білімдерді іс жүзінде пайдалану үшін жағдай жасау;

экологиялық жағдайларды шешу арқылы қарым-қатынастық, ақпараттық, зерттеу және шығармашылық құзыреттерді дамыту үшін жағдай жасау;

топтардағы тәжірибелік жұмыс арқылы әлеуметтік және еңбек құзыреттерін дамыту үшін жағдай жасау.

Тәсілдер мен әдістер: топтардағы өз бетімен істейтін жұмыс; ойын; жарыстар, экологиялық және күрделі жағдайлар, тәжірибелік жұмыс.

5 оқушыдан құрылған 5-6 топ қатысады (25-30 оқушы).

Сатылар:

I. Ұйымдастыру-уәждемелік саты:

Қатысушылармен және қонақтармен амандасу;

«Экологиялық ассорти» ойының ережелерімен және шарттарымен таныстыру;

Қазылар алқасын таныстыру.

Ағаш, шөп, гүл және құс

Қорғана алмайды әр уақытта.

Егер олар жойылса,

Жалғыз қаламыз біз планетада.

Осы өлеңде не туралы айтылады?

«Биологиялық алуан түрлілік» термині нені білдіреді?

Неліктен биологиялық алуан түрлілікті сақтау мәселесі шиеленісіп тұр?

Біздің ойын биологиялық алуан түрлілікті сақтау мәселесіне арналған, және барлық тапсырмалар өсімдік және жануарлар әлеміне байланысты болады.

«Биологиялық алуан түрлілік» сондай күрделі термин болып көрінеді, ал іс жүзінде ол біздің планетамызда тіршілік ететін бактериядан бастап адамға дейінгі барлық тірі тіршілік иелері өмір сүруге құқылы екендерін білдіреді. 1993 жылдың 23 желтоқсанында қоршаған орта жөніндегі БҰҰ конференциясында қабылданған Биологиялық алуан түрлілікті сақтау туралы конвенция күшіне енді. Содан бері осы күн Биологиялық алуан түрліліктің халықаралық күні болып есептеледі.

II. Операциялық саты

1-жарыс. «Танысайық»

Топтарды таныстыру (топтың атауы, ұраны, эмблемасы).

Баллдардың максималды саны – 3 балл.

2-жарыс. «Экологиялық жаттығу»

Әрбір дұрыс жауап – 1 балл.

1. Дүниедегі ең биік ағаш (Секвойя).
2. Құрлықтың ең жылдам жануары (Гепард).
3. Жер шарында ең көп таралған зат (Су).
4. Дүниедегі ең жуан ағаш (Баобаб; шеңбері 50 м-ге жуық).
5. Жер шарындағы ең үлкен жануар (Кит, ұзындығы 33 метр).
6. Дүниедегі ең үлкен құс. (Страус, 3 метрге жетеді)
7. Қарағай өсетін орман. (Қарағай орманы)
8. Еменнің жемісі. (Жаңғақ)

9. Қайыңның қабығы. (Тоз)
10. Емен өсетін орман. (Емен орманы)
11. Қарағайдың жапырақтары. (Қылқан)
12. Жердің жасыл жамылғысы. (Шөп)
13. Жер шарының қорғаныш экраны. (Озон қабаты)
14. Экологиялық таза отын. (Сутегі)
15. Жер шарындағы ауа-райының жылуының себебі. (Жылыжай эффектісі)
16. Батпақтан қандай отын алынады? (Жертезек)
17. Қайыңның көктемде «жылауы». (Шырынның жылжуы)
18. Табиғи объектілер мен процесстерді сақтау және зерттеу мақсатымен шаруашылық пайдаланудан толығымен алынған табиғи аумақ. (Қорық)
19. Аюдың жатағы. (Апан)
20. Құрбақа қыста не жейді? (Ештеңе, ол ұйықтайды)
21. Бұлан әр қыс сайын нені жоғалтады? (Мүйіз)
22. Қандай зат басымен төмен қарай өседі? (Сүңгі)
23. Суықторғайды неліктен осылай атаған? (Алғашқы қар түскенде ұшып келеді)
24. Қандай құстар ұшып келгенде көктем басталды деп есептеледі? (Ұзақ)
25. Кесілген ағаштың діңі бойынша оның жасын қалай білуге болады? (Жылдық сақиналар бойынша)
26. Дене, ауа, су, топырақ температурасын өлшеуге арналған құрылғы? (Термометр)
27. Жәндіктерді неліктен осылай атайды? («керту» сөзінен – олардың құрсағында керттіктер бар)
28. Қандай жануар бірінші қолға үйретілді: ит пе, мысық па? (ит)
29. Қандай құсты «орман дәрігері» деп атайды? (тоқылдақ)
30. Аралар ұяларын салу үшін нені қолданады? (балауыз)

3-жарыс. «Экологиялық әліппе»

